Наиболее целесообразно, планировать, средства силовой подготовки, по три мезоцикла в год. Это обеспечивает эффективное развитие, силовых качеств и их реализацию, в соревновательной деятельности. Такое построение, учебно-тренировочного процесса, предусматривает использование, в каждом из мезоциклов, значительного объема силовой работы, различной направленности, которая, вначале, приводит к снижению показателей, физической подготовленности, а затем, создаёт благоприятные условия, для целенаправленного повышения показателей, физической подготовленности и технического мастерства. Хочется отметить, что развитие силовых качеств, у футболиста, дополнительно или иными словами, решает задачи развития, у спортсмена, других качеств: скоростной выносливости, скорости движения, гликолитической выносливости, мощности [5].

Исследуя методы и методики, повышения силовых качеств, в футболе, был исследован метод прогрессирующих отягощений. Основной целью научного эксперимента, было, повышение общего уровня силовой подготовленности и определение эффективности тренировочных средств, увеличения силы удара по мячу. Метод, прогрессирующих отягощений, предполагает постепенный рост величины сопротивления, как в одном тренировочном занятии, так и в последующих. Данный метод, эффективен, при совершенствовании силовых качеств. Он обеспечивает постепенную вработываемость и максимальное напряжение мышц, причем, в первом подходе – за счет скорости движения, а в последнем подходе – за счет веса отягощения. Сегодня, уже можно говорить, о расширении средств подготовки, при данном методе. Один из основных технических элементов, в футболе – удар по мячу, который применяется при передачах во взаимодействии игроков и поражении ворот противника [6]. Ударное действие происходит в скоростно-силовом режиме, показатели которого, характеризуют подготовленность футболистов и влияют на техническое мастерство. В тренировочном занятии, в первом подходе, рекомендуется начинать с отягощения, равного 50 % от веса, который спортсмен может поднять 10 раз (10 МП). Во втором подходе упражнение выполняется с весом 75 % от 10 МП, в третьем – с весом 10 МП. Всего за тренировку делается 3 подхода. Интервал отдыха между подходами – 2-4 мин. В каждом подходе упражнение выполняется с предельной скоростью, до явного утомления.

1-й эксперимент включал в себя 10-дневный цикл, состоящий из тренировочных заданий силовой направленности. После 15-минутной разминки спортсмены выполняли удары ногой по поролоновому мату, размером 50 x 50 x 50 см и плотностью 100 кг/м². Это позволило повысить количественную плотность нанесения ударов, не искажая техники и предупреждая травматизм. На тренировке, каждой ногой, выполнялось по 20 ударов в пяти подходах, итого, каждой ногой за период эксперимента – 1000 ударов. Перед испытуемыми ставилась задача, каждый удар наносить максимально сильно. Сила удара определялась в десяти попытках, правой и левой ногой. Показатели правой и левой ноги постепенно растут до 10-й тренировки. Так, КЭСУ правой ноги увеличился на 14,38%, левой – на 14,68%. Таким образом, можно утверждать, что применение средств силового характера, приводит к увеличению силы, удара по мячу, приблизительно на 15%.

2-й эксперимент повторял 1-й, только, удары ногой, спортсмены выполняли с утяжелителем, весом 0,5 кг. Это позволило увеличить нагрузку на 0,5 кг, не искажая техники удара по мячу и предупреждая травматизм.

КЭСУ правой ноги увеличился на 22,61%, левой - на 29,96%. Изменение параметров говорит о том, что удалось воздействовать на силовые качества футболистов, стимулируя их увеличение.

3-й эксперимент, также, полностью повторял 1-й, с той лишь разницей, что утяжелитель, на голени, весил 1,5 кг.

4-й эксперимент полностью повторял 1-й, с той лишь разницей, что утяжелитель, на голени, был, весом 2 кг.

Согласно, анализу результатов исследования, в период проведения экспериментов, у спортсменов, статистически достоверно увеличились показатели специальной силовой подготовленности, а именно, повысилась сила удара, по мячу [7]:

Выводы: Выполнение упражнений, специального силового характера, с отягощением 2 кг, вызывает, в организме, значительные тренировочные изменения, позволяющие стабилизировать высокий уровень развития специальных качеств и использовать тренировочный эффект, через 15

дней, после силового цикла. Включение, в тренировочный цикл, упражнений силового характера, улучшает специальную подготовленность футболистов: при выполнении упражнений: - без отягощения - на 15%, с отягощением 0,5 кг - на 25%, с отягощением 1,5 кг - на 35%, с отягощением 2 кг - на 32%, со значительной стабилизацией силовых качеств, на высоком уровне. Эффективность, силовой тренировки, зависит от числа и последовательности упражнений, числа повторений, темпа выполнения упражнений и режима работы мышц.

1 Хэтфилд Ф. К. *Всестороннее руководство по развитию силы. Пер. с англ. – Владивосток: Изд. "Восток", 1996. – 390 с.*

2 Иманалиев К. *Потенциальные и актуальные двигательные способности // ТуПФК. – 1986. – N 6. - С. 36 – 37.*

3 Пишибыльский В. *Физические кондиции высококвалифицированных футболистов. / - Киев, 2004. - С.25-31.*

4 Коца Я. М. *Физиология мышечной деятельности. – М., 1992. – 150 с.*

5 Чурсинов, В. Е. *Методы тренировки силы // Теория и практика физической культуры. – 2011. – № 10. – С. 38–42.*

6 Васильев, Л.А. *Использование снарядов разного веса для воспитания специальных скоростно-силовых качеств спортсменов//Теория и практика физ.культуры, 1981. - № 6. - С.16-18.*

7 Голомазов С., Чирва Б. *Футбол. Техника сильных ударов: Метод. разработ. для ВШТ. - М.: РГАФК. - Вып. 2. 1998. - 39 с.*

Түйіндеме

Адамбеков Қ.І. – п.ғ.д., Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры

Адамбеков Е.Қ. – п.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры

Айтхожин А.С. – Абай атындағы ҚазҰПУ магистрі

Футболшылардың спорт шеберлігін арттырудағы күш дайындығының негізгі кезеңдері

Қазіргі заманғы футболды жүзеге асыру үшін жаттығу процессінде динамикалық күшті арттыру жолдарын тиімді түрде жүргізу керек. Сонымен қатар жоғарғы ауыртпашылық жұмысын орындау үшін жаттығу процессінде организмге демалыс уақытын жиірек бөлу керек.

Түйін сөздер: күш дайындығы, бұлшық күші, допты тебу күші, жылдамдық, қалыпқа келтіру.

Summary

K. Adambekov – Ph.D., Professor of the Kazakh National Pedagogical University named after Abai

E. Adambekov - Ph.D., Professor of the Kazakh National Pedagogical University named after Abai

A. Aythozhin - Magister of the Kazakh National Pedagogical University named after Abai

Strength training football players during mastering sporting

Research theme is that modern football is characterized by high motor activity of players, which is predominantly dynamic nature and suffers from an uneven exercise and arrhythmic alternation of work and leisure. The jump in the struggle for horse ball; a header; the impact force and the power of the supporting leg; arm strength when they have to yield, taking the body weight after hitting his head in the fall - are just some of the highlights of the use of force in football. On how well a footballer has his motor apparatus, and how high he developed motor skills, the speed depends on the accuracy and timeliness of a particular technical problem.

Keywords: strength training, muscle strength, impact strength and the strength of the supporting leg.

ҒҰЛАМАЛАРДЫҢ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕЛІК ИДЕЯЛАРЫ

Г.А.Кайбулдаева - *Қожа Ахмет Ясауи атындағы Қазақ-түрік университетінің п.ғ.к., доценті*
М.С.Оштанова - *Қожа Ахмет Ясауи атындағы Қазақ-түрік университетінің аға оқытушысы*

Мақалада қазақ ғұламаларының тәлім-тәрбиелік мәселелерінің маңызы жайлы және қазақ философиясының қалыптасуы мен қазақ педагогикасы ғылымының қалыптасуы мен дамуы қарастырылған. Шығыстың бай педагогикалық және тәлім-тәрбиелік ой-санасы, оның ішінде қазақ халқының педагогикалық дүниетанымы халық шығармашылығы мен ұлы ойшылдардың тәлім-тәрбиелік идеяларынан құралады. Тарих қойнауына үніліп қарасақ, мыңжылдық тарихы бар әл-Фарабидің, Ж.Баласағұнидің, М.Қашқаридің еңбектерінде қазіргі педагогика ғылымының негізгі мәселелері қарастырылып, оның ғылыми-әдіснамалық негіздері тұжырымдалған. Ұлы ойшылдарымыздың еңбектерінің педагогикалық мәнін ашып көрсете отырып, олардың қазіргі қазақ педагогика ғылымының өзінің зерттеу пәні бар ғылыми білімнің арнайы саласы ретінде қалыптасуының алғашқы көзі болғанын әдіснамалық тұрғыдан айқындау және оны бүгінгі ұрпақ тәрбиесінде қолдану бойынша нақты ғылыми тұжырымдалған ұсыныстарды жасау қажет.

Түйін сөздер: қазақ ғұламалары, тәлім-тәрбие, педагогика, қазақ философиясы.

Қазақстан Республикасы егеменді ел болғалы ғылым, мәдениет салаларында жасалып жатқан шаралардың барлығы жастарға жалпы адамзаттық және жеке ұлттық игіліктер негізінде тәрбие мен білім беру ісін неғұрлым жоғары деңгейге көтеруге ықпал етуде. Бүгінгі таңда қоғамдық өмірді демократияландыру және ізгілендіру жағдайында ұлттық ерекшелігімізді айқындайтын рухани мәдениетімізді жетілдіру қажеттілігі туындап отыр. Отаршылдық езгісі әсер еткен ұлттық менталитетімізді қалпына келтіріп, нығайту және өркениетті елдер қауымдастығы қатарынан орын алу – ұлттық мемлекетімізді қалыптастырудағы басты алғышарттардың бірі. Бұл мәселелер Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында, «Мәдени мұра» бағдарламасында басты назарға алынған.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесінің басым міндеттері ретінде ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, халық дәстүрлерін қастерлеуге тәрбиелеу, отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу атап көрсетілген.

Мемлекетімізде ұлттық маңызы бар бірқатар бағдарламалар болса, соның бірегейі «Мәдени мұра» бағдарламасы болып табылады. Ұлт тарихын түгендеу, ұлт руханиятын қайта түлету мақсатында жасалынған бұл бағдарлама ұзақ мерзімге бағытталған кешенді, жүйелі іс-шаралардың мазмұнын құрайды. Бағдарлама елдің рухани және білім беру саласын дамыту, мәдени мұрасының сақталуын және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету мақсатын көздейді. Бұл мақсаттың тиімді шешімін табуда әлемдік ғылыми ой-сананың, ұлттық мәдениет пен өнердің таңдаулы жетістіктерінің негізінде гуманитарлық білім берудің мемлекеттік тілдегі толыққанды қорын жасау міндеті қойылып отыр [1].

«Мәдени мұра» бағдарламасына қатысты алқалы жиында Елбасы Н.Ә.Назарбаев көшпенділердің әлемдік тарихтағы роліне тоқталып, қазақ жерінің Еуразия Кеңістігінің мәдени мәйегі, рухани түп қазығы болғанын айта отырып: «Қазақстанды Ұлы Дала өркениетінің қара шаңырағы ретінде халықаралық деңгейде танытып, қалыптастыруымыз керек», – деді. Сондықтан халқымыздың өткен тарихындағы озық педагогикалық идеяларды ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар тұрғысынан қарап, бүгінгі ұрпақты жан-жақты дамыған тұлға ретінде қалыптастыруға пайдалану керектігі айқын. Біз ең алдымен, өзіміздің тарихымызды нақты айқындап алуымыз қажет, бұл - әрбір ғылымның саласына қатысты мәселе. Еліміз тәуелсіздік алғанға дейінгі саяси жүйеде қазақ ұлтының өткен тарихы, оның барлық кезеңдері мен іргелі мәселелері бұрмалауға ұшырағаны құпия емес. Кеңес дәуірі кезінде қазақ педагогикасы жабық тақырып болғаны анық. Ол кезде Қазақстандағы педагогикалық ойлардың қалыптасуы мен дамуы бойынша барлық ғылыми-зерттеу мен білім беру саласында әл-Фараби, Шоқан, Ыбырай, Абай туралы ғана сөз болды. Ғылымдағы түрлі тұжырымдамаларды қалыптастыруға тікелей ықпалы болған бұл идеологиялық ұстанымның салдары қазақ ұлтының

тарихи танымынан анық байқалды: ұлт өзін өркениеттік құндылықтар жаратқан субъект ретінде сезінуден қалды, оның көңіліне өзінің этностық болмысына қатысты күдікті ойлар ұя сала бастады. Ал мемлекетіміздің тәуелсіздік алуының арқасында қазақ қоғамында мүлдем жаңа жағдай қалыптасты. Оны біз «жаңа рухани ахуал» немесе «жаңа рухани күй» деп атаған болар едік. Тұжырымдап айтқанда, заман талабына сай кезекті сапалы өзгерістерге мұқтаж ұлт өз өткенін қайта қорытуға ден қойды [2].

Қазақ халқының сан ғасырлық тарихын академик философ Әбдімәлік Нысанбаев атап өткеніндей, түркілік кезеңнен бөліп қарастыруға болмайды. Сондықтан ата тегіміз болып келетін түркі халықтарының ділі мен дінін, дүниетанымы мен әлемді философиялық тұрғыдан игеру тәжірибесін қазіргі дамуымызда, өркениеттік жолында және ел тәуелсіздігін нығайту тұрғысында толық ескеруіміз керек. Рухани өмірдің бедерсізденуін еңсеру мен қазақ халқының өзіндік санасын жаңғырту міндеттері әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар, әсіресе педагогика ғылымы саласында Шығыс, оның ішінде түркі өркениетінің ерекшеліктері мен тарихи тамырларын дүниежүзілік мәдениетпен салыстыра отырып, кешенді түрде зерттеулер жүргізу қажеттігін туындатып отыр. Шығыстың бай педагогикалық және тәлім-тәрбиелік ой-санасы, оның ішінде қазақ халқының педагогикалық дүниетанымы халық шығармашылығы мен ұлы ойшылдардың тәлім-тәрбиелік идеяларынан құралады. Адам мен дүниенің арақатынасын, адамның өзін-өзі тануын, сөйтіп өзін басқаға танытуын, тұлғаның өмірдегі орны мен ролін әлеуметтік және этикалық тұрғыдан жан-жақты зерделеуге айрықша мән беру қазақ педагогикасының ерекше сипаты болып табылады. Бұл тұрғыдан келгенде, қазақ педагогикасы – шығыстық педагогикадағы, ең алдымен, толық, рухани жағынан жетілген адам болу рухын қастерлеу мен зерделеу дәстүрін жалғастыра отырып, оны өзіндік мазмұнмен байытқан педагогика болып табылады. Қазақ педагогика ғылымының шокжұлдыздары әл-Фараби, Ж.Баласағұни, М.Қашқариден басталып, олардың бай мұрасы педагогика ғылымындағы ұлттық тарихымыздың бастау көздері болып табылатындығын өркениетті ел болуға аяқ басқан қазіргі кезде батыл айтатын уақыт жетті. Қазақ халқының сан ғасырлар бойы тәлім-тәрбиеге қатысты жинақтаған інжу-маржандарын әлем жұртшылығына танытып, әлемдік педагогиканың қатарынан орын алуына күш салуымыз елдігіміздің басты белгісі екендігін назарда ұстанған жөн деп білеміз.

Күні бүгінге дейін педагогиканың философиядан бөлініп шығуы мен оның ғылыми жүйеге енуі чехтың ұлы педагогы Я.А.Коменский есімімен байланысты болып келгендігі белгілі. Дегенмен де, тарих қойнауына үніліп қарасақ, мыңжылдық тарихы бар әл-Фарабидің, Ж.Баласағұнидің, М.Қашқаридың еңбектерінде қазіргі педагогика ғылымының негізгі мәселелері қарастырылып, оның ғылыми-әдіснамалық негіздері тұжырымдалғанын анық көруге болады. Сондықтан ұлы ойшылдарымыздың еңбектерінің педагогикалық мәнін ашып көрсете отырып, олардың қазіргі қазақ педагогика ғылымының өзінің зерттеу пәні бар ғылыми білімнің арнайы саласы ретінде қалыптасуының алғашқы көзі болғанын әдіснамалық тұрғыдан айқындау және оны бүгінгі ұрпақ тәрбиесінде қолдану бойынша нақты ғылыми тұжырымдалған ұсыныстарды жасау қажет.

Тәуелсіз Қазақстандағы жаһандану үдерісі әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар алдына түбегейлі реформалау міндетін қойып отыр. Әлемдік өркениетке ену жағдайында түбірлі әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістердің негізінде ұлттық мәдениет пен руханиятты жаңғыртудың мүмкіндіктерін толық жүзеге асыру қажеттілігі туындап, педагогика ғылымын әрбір халықтың ұлттық ерекшелігіне сай жетілдіру мәселесін қарастыру көзделуде.

Кеңес дәуірінде педагогика ғылымы шектен шыққан идеологиялану нәтижесінде үлкен дағдарысқа ұшырағанын жоққа шығаруға болмайды. Педагогиканың идеологиямен етене теңестіріліп, түгелінен мемлекеттік бола түсуі әлеуметтік шындықтың нақты қайшылықтарын сыни және объективті түрде талдау мүмкіндігін шектеді. Педагогика ғылымының тұжырымдамаларын қоғамдық өмірдің ағымын өзгертуге болатын әлеуметтік технология ретінде қолдану бұрынғы кеңес заманындағы педагогикалық білімнің тиісті деңгейде дами алмауына себепші болды.

Педагогика ғылымы саласындағы дағдарыстың себебі болатын тағы бір құбылыс рухани мәдениеттің бедерсізденуі болып табылады. Бұл үрдістер қазақ халқының ұлттық дүниетанымының өзіндік қайнар көздері мен түп-тамырларын елемеге әкеліп соқтырды. Педагогикалық ілімдер тәрбиенің абстрактылы, қайшылықсыз үлгілері ретінде қарастырылды. Мұндай жағдайлар ресми мәдениеттің идеологияланған кеңістігінде ғана қалыптасуы мүмкін еді. Ал нақты өмірде, әсіресе қазақ халқының бай рухани әлемімен және ұлттық психологиясымен түйіскенде бұл теориялар әр түрлі қайшылыққа толы қорытындылар жасайтыны айғақталды. Сырт көзге дұрыс болып көрінетін абстрактылы қағидаттар халықтың тіршілік әлемінен, тәрбие ортасынан оқшау тұрғандықтан, өзінің дүниетанымдық маңыздылығы мен әлеуметтік құндылығын жоғалта бастады.

Педагогикалық теорияның мемлекеттік идеологияның ықпалында болуы, ұлттық рухани мәдениеттің ерекшеліктерін елемеушілігі отандық педагогикалық ілімнің әлемдік педагогикалық бірлестіктен оқшаулануына алып келді. Әлемдік педагогикалық мектептердің негізгі бағыттарымен идеялық текетірістік жағдайында болу өзара тиімді дүниетанымдық және әдіснамалық үнқатысуды жүргізу мүмкіндігін шектей түскен болатын. Біздің педагогиканың томаға-тұйықтығы тәрбие мен білім беру мәселелерінің практикалық шешімін іздеуде догматизм мен әдіснамалық әлсіздікке әкеліп соқтырды. Екінші жағынан, педагогика ғылымындағы осындай қайшылықтардың тамырлары әлеуметтік жаттану үдерістерімен астасады. Бұл адамның меншіктен жаттануы, өзінің ұлттық тарихы мен халықтық педагогикасынан жаттануы, тіпті адамның өз мәнін, тарихы мен мәдениетін, тілі мен дінін жатсынуы болып табылады. Соның салдарынан адамдар әлеуметтік үдерістердің қарапайым құралы мен объектісіне айналды. Сондықтан қазіргі тәуелсіз Қазақстан жағдайында халқымыздың рухани ахуалына сәйкес педагогика ғылымы өз мазмұнын әлеуметтік жаттануды еңсеру жолдары мен ерекшеліктерін анықтауға бағыттауы тиіс. Мұның өзі біздің ұлттық болмысымызға сай қазақ педагогикасының әдіснамасын жасауды қажет етеді. Қазақ педагогика ғылымы әлемдік педагогика тұрғысынан қазақтың ұлттық рухы, менталитеті мен тәрбие ерекшеліктерінің қалыптасуы мен даму тарихын тұжырымдай отырып, өз бойында әлемдік мәдениеттің жетістіктерін жинақтап, жалпыадамзаттық тәрбие тәжірибесін танытатын ғылым болуы тиіс.

Педагогика ғылымының әдіснамасы философия заңдылықтарына сүйенетіні белгілі. Философиялық ғылымдар педагогикаға тәрбиенің мағынасы мен мақсатын анықтауға, адамзат болмысы мен ойлауының жалпы заңдылықтарының әрекетін дұрыс түсінуге көмектеседі, ғылым мен қоғамда болып жатқан өзгерістер туралы шұғыл ақпарат бере отырып, тәрбиенің бағытын нақтылауға жәрдемдеседі. Философия табиғат пен қоғам дамуының жалпы заңдарын, түбегейлі мәселелерін зерттейді, өмір шындығын танып білу жөніндегі көзқарастың негізгі жүйесі болып табылады, адамды күшті идеялық сенімге, айқын түсіне білушілікке тәрбиелейді. Педагогика материалистік диалектиканың қарама-қарсылықтардың бірлігі мен күресі, сан өзгерістерінің сапа өзгерістеріне ауысуы және терістеуді терістеу сияқты негізгі заңдарын тәрбие, білім беру және оқыту процестерінде шығармашылықпен пайдалануды көздейді.

Қазақстанда қазақ философиясының әдіснамасы мәселесі еліміз тәуелсіздік алғаннан бері ең көкейкесті мәселе ретінде көтеріліп, бүгінгі таңда Ж.Алтаев, Ә.Нысанбаев, Ғ.Есім сияқты көрнекті тұлғалар бұл мәселенің түйінін шешу үшін қыруар еңбек еткенін айтқан абзал. Қазақ философиясы туралы осы ғасырдың басында академик Ә.Нысанбаев былай деген еді: «Қазақ философиясы? Осыдан бірнеше жыл бұрын ғана бұл термин ойдан алынған болып көрінуші еді. Барлығымыз классикалық неміс философиясының идеялары мен маркстік принциптерді дамытқан «диалектиканың қазақстандық мектебін» білдік және құрмет тұттық. Норма мен үлгі ретінде ғылым тәріздес, жүйелі «философиялық хаттың» батыстық түрі мойындалды, оның басында үздік шебер Гегель тұрды. Қазақстан даласындағы Гегель мен Маркс – міне, кеңес дәуіріндегі философия тарихындағы философиялық парадокстар осындай болды. Әрине, дәуір тағдырын көп жағдайда анықтаған неміс ойшылдарын дала халқы түсіне де, қабылдай да алушы еді, бірақ олардың өз дауыстары, өз үндері болды. Міне, бүгін бұл дауыс, бұл үн естілетін уақыт жетті. Қазақстанда бүгін ең көкейкесті философиялық тақырып көшпелі өркениеттің дүниетанымдық сан-салалығы мен философиялық ой түйіндеуінің шығыстық ерекшеліктерін және ғылымның шығыстық әдіснамасын тұтас тұжырымдамалық тұрғыдан саналы түрде ой елегінен өткізу болып табылады».

Қазақ философиясының қалыптасуын докторлық диссертация көлемінде зерттеген белгілі философ ғалым Ж.Алтаевтың «Бұрын «Қазақ әдебиеті», «Қазақ тарихы» деген ұғымдарды білсек, енді «Қазақ философиясы» деген ұғымның біздің санамызға кіре бастауының теориялық, практикалық маңызы зор» деп айтқанындай, педагогика ғылымында да бетбұрыс жасап, егемендік алғанымыздың он жетінші жылында «Қазақ педагогикасы» ұғымын батыл енгізетін уақыт жетті. Әрбір халық «өз тарихын, философиясын білмейінше және оған белгілі бір көзқараста болмайынша ешқандай мәдениеттің дамуы мүмкін емес» - деген болатын Л.Н.Гумилев [3]. Қазақ педагогикасы ғылымының қалыптасуы мен дамуын зерттеу болашақтағы ұлан-ғайыр ізденістердің бастамасы болуға тиіс.

1 *Инновациялық педагогикалық технологиялар негізінде бастауыш сынып мұғалімдерінің даярлығын жетілдірудің теориялық моделі // Жалпы және кәсіби педагогиканың өзекті мәселелері: халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. - 2-бөлім. – Қарағанды. ҚарМУ баспасы, 2005. - Б.57-60.*

2 *Омарбеков Е.Е. Ақпараттық телекоммуникациялық оқыту технологияларын пайдалану ерекшеліктері // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. - 2005. - №4. - Б.182-189.*

3 *Сарбасова Қ., Омарбекова А.И. Математика пәнінен ашық сабақтар. - Зияткерлік меншік объектісін мемлекеттік тіркеу куәлігі. -2005. - №322, Б.18-19*

Резюме

Г.А.Кайбулдаева – кандидат педагогических наук,
доцент Международного Казахско-турецкого университета им. Ходжи Ахмеда Ясави
М.С.Оштанова – старший преподаватель Международного казахско-турецкого университета
им. Ходжи Ахмеда Ясави

Воспитательно-назидательные идеи великих мыслителей

В статье рассматриваются значения воспитательно-назидательные идеи казахских мыслителей, формирование и развитие казахской философии и казахской педагогики. Богатые воспитательные назидания Востока, наряду с педагогическим мировоззрением казахского народа состоят из большого жизненного опыта и воспитательных идей. Рассматривая глубокую историю, наряду с работами аль-Фараби, Ж. Баласагуна и М.Кашгари включает основные проблемы современной педагогической науки, является научно-методических основой. Педагогическая значимость произведений великих мыслителей утверждает необходимость создания современной казахской педагогики, как особая отрасль научного образования, она была первоначальным источником методического определения и использования конкретных научных идей в воспитании молодого поколения.

Ключевые слова: казахские великие люди, воспитательно-назидательные идеи, педагогика, казахская философия

Summary

G. A. Kaibuldaeva - candidate of pedagogical science, associate professor, Kozha Akhmet Yasawi international
Kazakh-Turkish University

M.S.Oshtanova - senior teacher, Kozha Akhmet Yasawi international Kazakh-Turkish University

Upbringing edifying ideas of great thinkers

The article considers the upbringing edifying ideas of Kazakh great thinkers, formation and development of the Kazakh philosophy and Kazakh pedagogy. The eastern rich upbringing ideas, along with the Kazakh people's pedagogical world outlook contain the large life experience and upbringing ideas. Considering the deep history, with works of al-Farabi, Zh. Balasuguni, M.Kashgari includes the main problems of modern pedagogical science, statements of its scientific-methodical bases. The pedagogical significance of works of the great thinkers have stated the need of establishing the modern Kazakh pedagogy, as a special branch of scientific education, it has been the initial source of methodical determination and usage of the concrete scientific ideas in upbringing the younger generation.

Keywords: Kazakh great thinkers, upbringing edifications, Kazakh philosophy

ӘОЖ 316.74

ЭТНОПЕДАГОГИКА – ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ НЕГІЗІ

Г.А.Кайбулдаева - *Қожа Ахмет Ясауи атындағы Қазақ-түрік университетінің п.ғ.к., доценті,*

А.А.Сәтбекова - *Мемлекеттік Қыздар Педагогикалық университеті магистр-оқытушысы*

Мақалада патриоттық тәрбие беруді қазақ этнопедагогикасының негізінде қарастыру қажеттілігі мен ұлттық патриотизмді қалыптастыруда салт-дәстүрлердің атқаратын орнының ерекшелігі қарастырылды. Қазіргі кезде қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласында зерттеу жүргізуші ғалымдар халқымыздың сан ғасырлардағы рухани мұрасын, әсіресе оқу, тәлім-тәрбие мәселесін философия, психология, педагогика ғылымдарының зор жетістіктерін пайдаланып, асыл қазыналарын жоғары теориялық биіктен талдап, ғылыми көзін ашуда. Ұлттық қасиеттеріміздің ұрпақ бойында қалыптасуы қоғам игілігі үшін маңызды. Студенттерге ұлттық патриоттық тәрбие беру жоғары оқу орындарында кең көлемде жүргізілуі тиіс. Этнопедагогика – ұлттық тәрбие негізі деп білеміз. Ал ұлттық тәрбие ғаламдағы құндылықтарды бойына сіңіріп, өз құндылықтарын арттыра береді.

Түйін сөздер: этнопедагогика, ұлттық тәрбие, патриотизм.

Республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдетуге, қоғамның саяси және рухани өмірі саласындағы міндеттерді қайта жаңартуға бағытталған идеялық-тәрбие жұмыстары мемлекеттің стратегиялық бағдарымен анықталды. Еліміздің тәуелсіздік алып, егемендікке жетуі қазақ халқының және республикада тұратын басқа да халықтардың ұлттық дүние танымының өсуіне жағдай жасады.

Соңғы жылдары қалыптасқан тәрбие жүйесі көпшілік жағдайда сөз, ұран, мәліметтік сипатта болып, жоғары оқу орындарындағы студенттердің міндетті түрде қоғамдық пайдалы іс-әрекетке қатысуын қарастырмады, оларға патриоттық тәрбие беру бағытын дамытуды қиындатты. Мұның өзі қазіргі кезде жоғары оқу орындарында тәрбие беру мәселесіне жаңаша көқарас тұрғысынан қарауды және студенттердің патриоттық сана-сезімін, сапаларын, мінез-құлқын қалыптастыруды көздейтін тәрбиенің формалары мен әдістерін жетілдіруді талап етеді. Бұл бүгінде байсалдылық, табандылық, батылдылық, батырлық, қайсарлық туралы білім ғана емес, өнегелік көрсету қажет болып отырған уақытта аса маңызды.

Қайта жаңғырған ұлттық педагогикамыздың маңызды бір бөлігі рухани мұрадағы тәлім-тәрбиелік ой пікірлер, патриоттық сана-сезім, оған деген ғылыми көзқарас болып табылады.

Қазақ елі жастарының 1986 жылғы желтоқсандағы рухани сілкінісі туғызған қайта түлеу процесі, сол патриотизмнің даму барысын өзгертуге, сөйтіп, шынайы ұлттық патриоттық тәрбие қағидаларын (принциптерін) қайта қарауға ықпал етті.

Қазақстан Республикасының егеменді ел болып ана тілінің мемлекеттік тіл болуымен қатар өткен тарихымызды қайта қарап, ондағы рухани құндылықтарды елеп-екшеп және рухани құндылықтардың қорына өлшеусіз үлес қосатын мұраларын зерделеп зерттеу бүгінгі ұрпақ тәрбиесінің керегіне жарату, өзекті мәселелердің бірі болуда.

Қазақстан Республикасында білім беру саласы бойынша қоғамның бүгінгі күнгі талабы әрбір адамды Отанын сүйуге, туған жерін құрметтеуге, ата-бабаның озық салт-дәстүрлерінің құндылығын мақтаныш тұтуға, әлемде халықтар арасындағы бейбітшілік үшін достықты нығайтуға бағыт беруде талмай еңбек етуді қажет санайды. Сондықтан болашақ мамандардың патриоттық тәрбиесіне ерекше мән беру, олардың бойында патриотизмі қалыптастыру қоғам болашағының өркендеуін, елімізде тыныштық пе бейбітшіліктің мәңгілік қанат жаюын қамтамасыз ететіні анық. Өйткені патриотизм әлемдегі бейбітшілік үшін күреспен, адамзат өміріне қауіп төндіретін термоядролық, экологиялық және террорлық апаттың алдын алумен, халықаралық қатынастарды құрумен және әлемдегі жаңа тәртіптерді бекітумен, өзара түсіністікті негізге алумен, тәуелсіз елдермен және басқа да мемлекеттермен көршілік татуластықпен, іскерлік ынтымақтастықпен тығыз байланыста болумен өлшенеді [1].

Қазіргі кезде қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласында зерттеу жүргізуші ғалымдар халқымыздың сан ғасырлардағы рухани мұрасын, әсіресе оқу, тәлім-тәрбие мәселесін философия, психология, педагогика ғылымдарының зор жетістіктерін пайдаланып, асыл қазыналарын жоғары теориялық биіктен талдап, ғылыми көзін ашуда.

Адам баласының әрқайсының өз өмір жолы болатыны тәрізді, кез-келген халықтың, қоғам мен мемлекеттің өз тарихи ғұмыры бар. Ол көне тіршілік көшінде сан алуан кейіпте көрініп келе жатқан күрделі процесс. Әр ұрпақ өзінің бұрынғы ұрпақтың жалғасы болғанынан, өз дәуірінің шыңырауына үн қосып, өз соқпағын іздейді. Әлем тарихында патриоттық тәрбие және әскери патриоттық туралы білім ғасырларға тамырымен терең кеткен.

Тәуелсіз Қазақстан жағдайында біз патриоттық тәрбие беруді қазақ этнопедагогикасының негізінде қарастыруды тиімді деп есептейміз. Өйткені жалпы тәрбиелеу процесі тек қана батыс европалық және американдық үлгіні қабылдап бара жатқанға ұқсайды.

Қазақы дүниетаным, ақыл-ой, тағылымдық ұлағат ғасырлар бойы шындалып қалыптасты. Сан ғасырлық ұлттық тәрбиенің этнопсихологиялық негіздерін бір арнаға түсіріп, қазақ ойшылдары мен ағартушыларының, қоғам қайраткерлерінің еңбектеріндегі ұлттық тұлға тәрбиесі туралы ой-пікірлердің дамуын, халқымыздың шынайы ұлттық тұлғасы болған ақын-жазушы, ғалым және қоғам қайраткерлерінің үлгі-өнегесін тәрбие мәселесінде пайдалану да қарастырылып келеді [2].

Қазақ этнопедагогикасындағы білім өз мәні жағынан студенттердің ішкі дүниесін, оның рухани-адамгершілік келбетін қалыптастыруға бағыттала алуы мүмкін және солай бағытталуы тиіс. Қазақ этнопедагогикасының бұл арада ерекше мүмкіндіктері бар. Өйткені оның мазмұнында ұлттық құндылықтар жарасымды үйлесім тауып жатады. Мұның өзі қазақ халқының өзіне тән ұлттық ерекшелігін терең танып, көре білуге мүмкіндік береді.

Ұлттық және жалпы қазақстандық намысты ояту мәселесіне келгенде, қазіргі қоғамда демократиялық өзгерістерге орай жаңаша патриоттық беруде қазақ этнопедагогикасы студенттердің рухани азығына айналып отыр.

Студенттер бойында патриоттық сананы қалыптастыру тек қана жиын өткізумен шектеліп қалмауы тиіс. Бұл бағытта атқарылатын жұмыс жоғары оқу орындарында оқу-тәрбие процесінің ең өзектісі, ең маңыздысы болып белгіленуі қажет.

Қазақстанда патриоттық тәрбиенің біртұтас жүйесі жасалып, әсіресе қазақстандық патриотизмді қалыптастырудағы рөлі шынайы бағалануы тиіс. Сондықтан да үкімет тарапынан арнайы бағдарламалар қабылдануы тиіс. Олар мерзімді баспасөздерде толығымен жарияланып, сол қабылданған бағдарламалардың жүзеге асырылуының нәтижелері басылым беттерінен көрініс тауып жатса, жастардың бойында қазақстандық патриотизм қалыптастыруда оң шешім болар еді.

Қазақстандық патриотизмді еліміздің әрбір азаматтарының санасына сіңіру - кезек күттірмейтін мәселе. Сондықтан біз өз зерттеуімізде патриотизм, әскери патриотизм, ұлтаралық қатынас мәдениеті тұрғысынан интегративті құрылым ретінде қазақстандық патриотизмнің мәнін ашып көрсеттік.

Патриотизм дегеніміз – Отанға деген сүйіспеншілік, әрбір азаматтың мемлекет алдындағы борышын жанқиярлықпен орындау.

Ал қазақстандық патриотизм Қазақстан азаматының өзін осы елдің төл баласы, нағыз азаматы ретінде сезінгенде, Қазақстанды өзінің туған елі, Отаны деп есептеген жағдайда ғана қалыптасады дей келе, Қазақстанның патриоты қандай болу керек екенін белгілесек, онда оның ерекшеліктері мынада:

1. Қазақстанда 130-дан астам ұлт өкілдері тұрады, көп ұлтты мемлекет. Барлығы Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне ерекше құрметпен қарайды, шын ниетімен қадірлейді. Қазақстан азаматының Конституциялық құқығын сақтайды. Әрбір ұлттың Қазақстанды ортақ үйіміз деп санай білуі.

2. Қазақстанда тұратын барлық халықтардың ұлтына қарамай, Отанды қорғауға дайын болуы. Қазақстан халықтары Ассамблеясында қабылданған барлық шешімдердің іске асуына өз септігін тигізуі.

3. Бұл әрбір азаматтың тек өзінің конституциялық борышын өтеуі ғана емес, сонымен бірге оның тұлғалық сапаларының қалыптасуы.

4. Қазақстан халықтарын ұлы державалық патриоттық сезімге ұмтылдыру мақсатында қазақстандық ғажайыпқа сендіру, оны мақтаныш еткізу.

5. Қазақстан Республикасының азаматының Отанын қорғауға деген оң көзқарасын қалыптастырып, Қазақстан Республикасының қарулы күштерінің әскер қатарында болатынына ұлттық патриоттық мақтаныш сезімін тудыру.

6. Қазақстан Республикасының әскери доктринасына сай Қазақстан халқының мүддесін көздеуде патриоттық сезімдерін ояту [3].

Әрбір халықтың тарихи өмірінде қол жеткізген ең құнды дүниелері – рухани және адами қасиеттері, құлықтылық (моральдық нормалар) үлгілері бар. Сондықтан да әрбір жаңа ұрпақ үшін мәнді тәрбие - ұлттық тұрғыдағы тәрбие үлгісі болып табылады. Өйткені, мұнда тәрбиенің негізін замандар бойы қалыптасып келген асыл рухани құндылықтар және биік ізеттілік пен құлықтылық тұрғысындағы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жататын, адамның адамдық қасиетін нығайтып, әрі асылдандыра түсетін, халықтың даналық өмір-салтынан туындап отыратын бұлжымас ережелер мен қағидалар құрайды. Ұлттық тәрбие – адам өмірінің алтын арқауы. Ұлттық тәрбие жалпыадамзаттық рухани құндылықтарды жоққа шығармайды, қайта солармен үндесіп жатады. Бұлар бір-бірін байытып, құнарландырып отырады. Ұлттық тәрбиеден тереңдеп нәр алған адам – рухани бай адам. Ондай адам жалпыадамзаттық тұрғыдан мәдени және рухани құндылықтарды бойына тезірек сіңіреді, сөйтіп, толық әрі кәміл адам дәрежесіне тезірек жетеді. Ұлттық менталитет – тұнып тұрған рухани қазына. Халықтың тілі мен мәдениеті болсын, салт-дәстүрі мен наным-сенімі болсын – мұның бәрі де әрбір халық үшін асыл да қымбатты рухани дүниелер. Әсіресе, наным-сенімнің әрбір халықтың өмірінде алатын орны өзгеше.

Ұлттық тәлім-тәрбиенің дамуы мен қалыптасуына үлкен үлес қосқан қазақтың көптеген зиялы оқымыстылары жеке басқа табынудың құрбаны болды, қудалауға түсті. Мұның өзі ұлт мәдениетінің өсуін үлкен тежелуге әкеліп соқтырды. Халық педагогикасы жөнінде ғылыми-зерттеулер жүргізуге шек қойылды. Ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптеу, өмірге енгізу санадағы ескінің сарқыншағы деп бағаланды. Халықтық дәстүрлер өзінің қоғамдық мәнін жойып, отбасылық мәнге ғана ие болды. Оның өзі бертін келе, мектеп, жоғары оқу орындарының тәрбие жұмыстарының негіздеріне кірді. Тәрбиелік жұмыстар коммунистік идеологияға негізделіп, оқу-тәрбие жұмыстары негізінен орыс тілінде жүргізілуіне байланысты қазақ тілі біртіндеп өмірден шеттеле бастады.

Оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар орыс тілінің аудармасы негізінде пайдаланылып, қазақ халқының ұлттық ерекшеліктері ескерілмеді. Студенттерге жан-жақты тәрбие беруде үлкен жауапкершілікті мойындарына алған студент жастар ұйымдары негізінен коммунистік тәрбие

принциптеріне сүйенді. Жоғарғы оқу орындары оқу-тәрбие жұмысының бағдарламалары, әдістемелік нұсқаулар ұлттық тәлім-тәрбиенің ерекшеліктерімен санаспады. Ұлттық тәрбиедегі ұрпақ сабақтас-тығы сақталмады. Осыған орай, кейбір мәселелердің басын ашып алмай тұрып патриоттық тәрбиені дұрыс жолға қою мүмкін емес екені анық. Республикамыз бір саяси құрылымнан екіншісіне ауысып, басқару жүйесі жаңа сападағы қарым-қатынасқа бет бұрған өтпелі кезеңде қазақ этнопедагогикасы негізінде студенттерге патриоттық тәрбие беру жұмыстары дағдарысқа ұшырағаны белгілі. Бұндай жағдайда заман ағымына қарата пайда болған тың ұғымдарды айқындап, оларға анықтама беру қажеттігі туындады. Ұғымдар, түсініктер, ереже, қағидалар арқылы студенттер санасында білім қалыптасып, ол өз кезегінде оның іс-әрекетіне бағыт береді.

Ұлттық патриотизмді қалыптастыруда салт-дәстүрлердің атқаратын орны ерекше. Ұлттық патриотизм – ең алдымен, белгілі-бір ұлттың өкіліне сүйіспеншілікпен қарау, оның ұрпақтан ұрпаққа үзілмей жалғасып келе жатқан құндылықтарын бойына сіңіру. Тереңірек пайымдасақ, мұның өзі ұлттарды ұлылауға бағыттталып, ілгеріде жүргізілген кереғар ұлт саясатының кесірінен ұмтылып қалған дәстүрлердің жаңғыруы арқылы әрбір адамның патриотизмін күшейте түсіру болып табылады. Жоғары оқу орындарында студенттерге қазақ этнопедагогикасы негізінде патриоттық тәрбие беру ісінің маңызы зор екенін біз өз зерттеулерімізден көріп жүрміз. Өйткені егеменді ел болған соң сол елдің елдік белгісі ұлттық патриотизм тәрбиесі айқын көрінуге тиіс. Ұлтының наным-сенімдерін, саяси көзқарастары мен ұстанған бағыт-бағдарын, ұлттың әрбір азаматы өз ұлтының ерекшеліктерін танып білуі керек. Ұлттың салт-дәстүріне құрметпен қарау, оның тілі мен ділін, дінін сыйлау, жетістіктеріне шаттану – ұлттың әрбір өкілінің азаматтық борышы. Біздің зерттеуімізде көтеріліп отырған ұлттық патриотизм ерекшеліктері студенттердің өз ұлтының тарихы мен географиясымен, батырлары мен біртуар тұлғаларының ерлік істерін білуіне негізделеді [4].

Ұлттық қасиеттеріміздің ұрпақ бойында қалыптасуы қоғам игілігі үшін маңызды. Студенттерге ұлттық патриоттық тәрбие беру жоғары оқу орындарында кең көлемде жүргізілуі тиіс. Этнопедагогика – ұлттық тәрбие негізі деп білеміз. Ал ұлттық тәрбие ғаламдағы құндылықтарды бойына сіңіріп, өз құндылықтарын арттыра береді. Бірақ ол өндіріс және экономика сияқты «ғаламдастыруға» келмейді, өркениеттілікпен дамып, қалыптасады. Қазақ этнопедагогикасы – өркениеттілік қасиеттерді бойына сіңірген ғылым. Сондықтан студенттер ұлттық патриотизммен сусындасын десек, қазақ этнопедагогикасы негізінде патриоттық тәрбие беруді жүйелі талдап, зерттеп, жоғары оқу орындарында патриот студенттер тәрбиелеуде енгізілуі керек. Ұлттық патриотизмді қалыптастырудың құралдары болып саналады: ұлттық тіл, ұлттық-әдеп ғұрыптар мен салт-дәстүрлер, ауызекі халық шығармашылығы, ұлттық тарих, ұлттық сәндік-қолданбалы өнер, ұлттық ойындар, т.б. Осыған сәйкес біз ұлттық патриотизм ерекшеліктерін айқындайтын маңызды мәнін ашып көрсеттік.

1 (Ж.Жолымбетовпен авторлық бірлестікте). Әскери ойындардың ұлттық ойындардан ерекшелігі және патриоттық тәрбиедегі алатын орны мен маңызы //Адам денсаулығының және қоршаған ортаның қалыптасуының актуалды мәселелері: Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы //Қарағанды, 2002. - Б.110-112.

2 Жастар өміріндегі патриоттық тәрбиенің орны //Қарағанды мемлекеттік университетінің хабаршысы. 2003. - №4 (32) - Б.212-215.

3 Отансүйгішітік тәрбие-басты міндет //Қазақстан мектебі. - 2005. - №5-6. - Б.3-5.

4 Қазақ этнопедагогика құндылықтарын патриоттық тәрбиеге қолдану. //Экологияның өзекті мәселелері: III халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. Т.2. - Қарағанды: ҚарМУ, 2004. - Б.234-235.

Резюме

Г.А.Кайбулдаева – к.п.н., доцент Международного казахско-турецкого университета им. Х.А.Ясави

А.А.Сатбекова - магистр, Казахский государственный женский педагогический университет

Этнопедагогика – основа национального воспитания

Статья рассматривает необходимость патриотического воспитания на основе казахской этнопедагогики и роль обычая и традиции в формировании национального патриотизма. В настоящее время ученые занимающиеся проблемами общественных и гуманитарных наук проанализировали духовное наследие нашего народа наряду с огромными достижениями философии, психологии и педагогических наук по проблемам воспитания и находят новые научные истоки воспитания. Это очень важно формировать национальные особенности у молодого поколения ради благо общества. Национальное патриотическое воспитание студентов в вузах должно осуществляться в широких пределах. Этнопедагогика это основа национального образования. А национальное воспитание будет обогащаться мировыми ценностями.

Ключевые слова: этнопедагогика, национальное воспитание, патриотизм

Summary

G.A. Kaibuldaeva - Kozha Akhmet Yasawi international Kazakh-Turkish University, candidate of pedagogical science, associate professor.

A.A.Satbekova - State Women's Pedagogical University, master.

Ethnopedagogy the bases of national upbringing

The article deals with the importance of patriotic upbringing on the bases of Kazakh ethnopedagogy and peculiarities of customs and traditions in establishing the national patriotism. Nowadays the scientists dealing with the public and humanities have analyzed the long year spiritual heritage of our people along with the huge achievements of philosophy, psychology and pedagogical sciences on upbringing problems and discovered the scientific sources of them. It is very important to establish the national features by the young generation of the society. The national patriotic education of the students should be held widely. Ethnopedagogy is the bases of the national education. And the national upbringing will be enriched by the world values.

Keywords: ethnopedagogy, national upbringing, patriotism.

УДК 371.7

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

К.И.Ергазиева – х.ғ.к., доцент, Абай атындағы КазҰПУ

Аталған мақалада білім беру мекемелеріндегі балалар мен жасөспірімдердің денсаулықтарының нашарлауы жайлы мәселелер қарастырылады. Соңғы жылдардағы мектеп оқушыларының денсаулықтары, физиологиялық және жүйке-психикалық жағдайларының нашарлауы туралы ғалымдардың зерттеулері келтірілген және олардың себептері анықталған. Мектеп оқушыларының сабақ кезіндегі, сондай-ақ сабақтан тыс уақыттағы денсаулық мәдениетін қалыптастыру жолдары көрсетілген. Оқу-тәрбие процесіне педагогтар мен тәрбиешілердің сабақ кезінде және сабақтан тыс уақытта денсаулық сақтау және әртүрлі психолого-педагогикалық технологияларды қолдану ұсынылған.

Түйін сөздер: салауатты өмір салты, функционалдық көрсеткіштер, жүйке-психикалық денсаулығы, әлеуметтік-психологиялық бейімсіздігі, СӨС (салауатты өмір салты) мәдениетін қалыптастыру, СӨС уәждемесін қалыптастыру, спорттық-сауықтыру шаралары.

Соңғы жылдары тұрғындар денсаулығының кері динамикасы байқалуда, әсіресе бұл окитын жастар арасында белең алуда. Демографиялық көрсеткіштердің біршама тұрақтанғанына қарамастан, білім беретін мекемелерде окитын балалар мен жасөспірімдердің денсаулығының нашарлау үрдісі айқын байқалуда. Әртүрлі авторлардың мәліметтеріне жүгінсек, дені сау оқушылардың үлесі тек 10–15 % құрайды, шамамен олардың 50 % морфологиялық немесе функционалдық ауытқуларға ұшыраған және 35–40 % – созылмалы ауруларға ие. Медициналық тексеру мәліметтері, мектепте оқу кезінде оқушылардың денсаулығының күйі 4-5 есе төмендегенін көрсетіп отыр. Мектепті бітіру кезіне қарай, әр үшінші түлек алыстан көзі жетпеушілік ауруына ие, омыртқа мүсіндері бұзылған, ал әр төртінші оқушыда – жүрек-қан тамыр жүйесінің патологиясы байқалады. Осыдан, мектеп, сауықтыру рөлін атқарудың орнына, ауруларды өрбіту қаупінің қосымша факторына айналып отыр деп болжауға болады. Физикалық даму, өсуші ағзаның денсаулығының маңызды көрсеткіші болып табылатындығы белгілі. Егер бұрынғы он жылдықта балалар мен жасөспірімдердің өсу мен дамуының (акселерация) үрдістерінің жеделдеуі мен көрсеткіштердің өсуі байқалатын болса, ал 90-шы жылдардың ортасынан бастап, негізгі морфологиялық көрсеткіштердің тұрақтануы және функционалдық көрсеткіштердің кемуі, сонымен қатар өсу мен даму қарқынының күрт төмендеуі байқалуда, яғни жастар буынында ағзаның өсуінің тежелуіне өтпелі тоқырау үрдісі байқалуда. Денсаулық құндылығының қалыптасуының және оқушыларды өміт тіршілігінің қауіпсіздігінің негіздеріне оқыту кезінде өмір салтының қауіпсіздігінің шарттары, әдебиет көздерінің мәліметтеріне қарағанда, соңғы он жылдың ішінде дене массасының жетіспеушілігіне ие оқушылардың саны 1,5 есе артқан, ал оқу үрдісі күшейтілген мектептерде окитын оқушыларда бұл көрсеткіш одан да артық. Ғалымдардың жүргізген зерттеулері, заманауи оқушылардың функционалдық мүмкіндіктерінің күш өлшеу көрсеткіштері бойынша және өсуші ағзаның бейімделу шамасын бағалау бойынша, төмендегенін көрсетіп отыр және биологиялық дамудың да баяулағанын байқауға болады. Оқушылардың жүйке-психикалық денсаулығының күйі айрықша үрей тудырады. Мектепте оқу кезінде жүйке

жүйесі ауыратын балалар саны 2 есеге дейін артып отыр. Аурудың бұл тобы функционалдық ауытқулардан (невроз, фобия, қорқыныш, невротикалық реакция), сонымен қатар органикалық аурулар және туа біткен мен генетикалық туындаған патологиядан тұрады; сирегірек кездесетіні психоз. Жасөспірімдерде психикалық ауытқу 14 жасқа дейінгі балаларға қарағанда 1,5 есе жиірек кездеседі, бұл жасөспірімдік кезеңнің анатомия-физиологиялық ерекшеліктерімен (қарқынды физикалық даму, жыныстық жетілу, нейроргормональды қайтақалыптасу); психо-әлеуметтік факторлармен түсіндіріледі және бірқатар деңгейде педагогикалық қызметке байланысты.

Ғалымдардың зерттеулері көрсеткендей, оқушылардың мектеппен байланысты жүйке-психикалық денсаулығының нашарлауының себептерінің арасында бірінші орында олардың шамадан тыс оқуы, яғни оларға жүктелген оқу көлемін орындауға шамаларының келмеуі; екінші орын – мұғалімнің қарым-қатынасы, кейде әділетсіз, оқушының намысына тию сияқты жағдайлар; үшінші – балалар ұжымымен қабылданбауы, оның ауысуы және т.с.с. жатады. Ғылыми зерттеулерде көрсетілгендей, оқу үрдісі күшейтілген мекемелерде (гимназия, лицей, авторлық мектептер) бір аптаға тиісті іс жүзіндегі оқу жүктемесі (білім беру мекемесінде және үй тапсырмасын орындауға жұмсалған уақыт) бастауыш сынып оқушылары үшін «жұмыс күнінің» 10-12 сағатқа ұзаруына, ал жоғары сынып оқушылары үшін бұл көрсеткіш тәулігіне 15-16 сағатқа ұзаруына әкеледі. Уақыттың жетіспеушілігін оқушылар ұйқы есебінен толтырады, соның ішінде түнгі ұйқы және қозғалу белсенділігінің есебінен толықтырады (оқушылардың 75% гиподинамия күйінде болады). Оқу үрдісін күшейтудің нәтижесі, күн соңына қарай және аптаның аяғында 40-55 % оқушыларда шамадан тыс шаршаудың байқалуы болып табылады, ал бұл көрсеткіш жалпы білім беретін мектептерде оқитын оқушыларда 20–30 % құрайды; оқушылардың 60-63 %-да – артериалды қысымның өзгеруі тіркелген (әдетте гипертониялық тип бойынша), ал оқушылардың 78-85 %-да невроз тәрізді реакциялар байқалған.

Оқушылардың әлеуметтік-психологиялық бейімсіздігі білім беретін мекемелердің әрқайсысы үшін әртүрлі болып табылады: лицейлерде бейімсіздік тиімді емес оқу үрдісі ретінде басым болса, гимназияларда – оқу үрдісінің тиімсіздігі және эмоционалды келеңсіздік басым, ал жеке меншік (авторлық) мектептерде – оқушылардың әлеуметтік қарым-қатынасындағы мәселелер көрініс тапқан. Көрсетілген мектептердегі оқушылардың жартысынан астамы созылмалы ауруларға ие. Балалар мен жасөспірімдердің денсаулығының күйінің нашарлауына ықпал ететін факторлар кешеніне, мектептерде оқу шартына қойылатын гигиеналық талаптардың қадағаланбауы да маңызды болып табылады, олардың ішінде сынып бөлмелерінің шамадан тыс тығыз болуы, қолайсыз микроклиматтық шарттар, техникалық құралдармен бөлмені жабдықтау кезінде қауіпсіздік талаптарын бұзу арқылы компьютермен жабдықтау. Оқу жүктемесінің шектен артық болуы, «көп отырып» уақыттың біршама бөлігін өткізу, толық тамақтанбау, зиянды әдеттер мен ұзақ белсенді қозғалыстың болмауымен қатар, балалар мен жасөспірімдердің арасында аурулардың күшеюіне әкеледі және соның салдарынан, мектепте оқу үлгерімінің төмендеуіне және қоғамға бейімделуіне кері әсері байқалады. Бүкіләлемдік Денсаулық сақтау Ұйымының сарапшыларының мәліметтерін ескере отырып, денсаулыққа әсер ететін факторлардың ішінде біршама салмақты үлес (50 % астамы), өмір салтына тиесілі, осы мәселені шешуде білім беру жүйесінің қатысуы өте маңызды болып табылады.

Бүгінде Қазақстанда мектептердің біршама бөлігі бірқатар деңгейде, оқушылардың денсаулығына көңіл бөлуде, дегенмен бұл туралы түсінік мектептерде санитарлық талаптардың сақталуымен ғана және медициналық сауықтыру шараларының жүргізілуімен ғана шектелуде. СӨС жүріс-тұрыс үлгісі ретінде өздігінен туындамайды, керісінше ерте жастан-ақ қалыптасады. Жасөспірімдер денсаулықтары сақтау үшін не қажет екенін түсінеді және осы тақырып туралы ақпаратты мектепте, сондай-ақ үйде қабылдауға дайын. Мұның мәнінде, мектептің басым міндеттерінің ішінде оқушылардың салауатты өмір салтына (СӨС) оң көз қарасын қалыптастыру жатыр. Зерттеушілер, салауатты өмір салты тұлғалық-уәждемелік ерекшеліктерімен, адамның мүмкіндіктері және бейімділіктерімен анықталатындығын баса айтуда. Салауатты өмір салтын оқыту кезінде оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру керек. Жасөспірім шақта денсаулықтың тұлғалық құндылығы туралы түсінік қажетті деңгейде қалыптаспаған.

Салауатты өмір сүру салты мәдениетін қалыптастыру негізіне келесідей амалдар қойылуы мүмкін: валеологиялық, мәдениеттік, инновациялық, тұлғалық-бейімділік. Осы қағидадан келесідей қорытынды шығады: 1) Егер күшті денсаулық сақтайтын орта құратын болса, онда оның әр өкілінің салауатты өмір салтының мәдениеті біршама артады. 2) Балалар мен жасөспірімдер үшін денсаулық сақтайтын орта ретінде басқа әлеуметтік объектілермен байланыста болатын мектеп бола алады және салауатты өмір салтын мәдениеттендірудің тиімді институты болып табылады. Оқушылардың денсаулығының

мәденейтін оқу уақытында (физикалық тәрбие, ӨТҚН, әдебиет, орыс тілі, математика, биология және т.б. пәндерді оқу кезінде) сондай- ақ оқудан тыс әрекет (ата-аналарды валеологиялық ақпаратпен таныстыру,себебі қағидалар мен отбасыда қалыптасатын өмір құндылықтары тұлғаның СӨС қалыптасуында өзіндік рөл атқарады; спорттық-сауықтыру шаралары оқушыларға сабақ біткеннен кейін шаршауды басуға мүмкіндік береді, физикалық дамуына ықпал етеді және денсаулықтарының нығаюына септігін тигізеді) кезінде қалыптастыру керек.

Оқушылардың психо-физиологиялық ерекшеліктерін зерттеу, мұғалімге салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша жұмысын жандандыруға көмектеседі. Жасөспірімдерді салауатты өмір салтының негізіне үйретуде оқушылардың өзіндік,шығармашылық жұмысына негізделетін жұмыс түрлерін қолдануға кеңес беріледі. Бұл бағытта күш салу педагогтарда тиімдірек болып табылады, себебі олар интерактивті әдістер мен оқытудың әртүрлі формаларын пайдалану, сонымен қатар оқу материалын проблематикалық түрде ұсыну, оқу үрдісін ойын формасында жүргізу (сөзжұмбақтарды шешу, жұмбақтарды табу, рөлдік ойындар және жағдайларды туындату, бұл өз кезегінде оқушының өз денсаулығына позитивті көз қараспен қарауға және түйсікпен оны қорғауға ынта болуын тудырады) сияқты оқытудың жаңа формаларын қолданады.

- четкая система единоначалия – один руководитель сосредотачивает в своих руках руководство всей совокупностью функций, составляющих деятельность;
- ясно выраженная ответственность;
- быстрая реакция исполнительных функциональных подразделений на прямые указания вышестоящих.

Регламентация процесса кадрового обеспечения жизнедеятельности спортивно-образовательных учреждений

Регламент процесса кадрового обеспечения, спортивного учреждения, предназначен для определения последовательности работ, по организации и реализации кадровой политики, с целью построения эффективной системы управления персоналом [4]. Регламент процесса, кадрового обеспечения, определяет последовательность выполнения и содержания процедур, по созданию эффективной системы управления персоналом в следующем составе:

- формирование кадрового состава;
- документационное оформление;
- стимулирование деятельности;
- повышение профессионального уровня;
- аттестация;
- учет рабочего времени;
- оценка результатов деятельности, деловых и личных качеств;
- изменение и прекращение трудовых правоотношений.

Формирование кадрового состава

Процедура формирования кадрового состава является неотъемлемой частью общего процесса, планирования деятельности спортивного учреждения. Основная задача процедуры заключается в перспективном определении количественной и качественной потребности в персонале и своевременное удовлетворение этой потребности.

Формирование плана подбора персонала

В адрес кадровой службы с периодичностью возникновения вакансий, от руководителей структурных подразделений, поступают заявки о потребности в персонале, с указанием требований к кандидатам.

При формировании требований, к кандидатам, руководителями структурных подразделений, учитываются квалификация, знания, опыт и личные качества, активно используемые в процессе работы.

На основании заявок, о потребностях в персонале, во взаимосвязи с планами работ структурных подразделений, с учетом статистических данных о текучести кадров и ее причинах, начальником отдела кадров/специалистом по кадрам формируется план подбора персонала на период, который утверждается руководителем спортивного учреждения.

Информирование претендентов о вакантной позиции

В соответствии с принятым видом, формирования кадрового состава, начальником отдела кадров/специалистом по кадрам, осуществляется информирование претендентов о вакантной позиции:

- Внутреннее. На должностные позиции переводятся уже работающие в учреждении сотрудники. Новый персонал набирается на работы, которые в учреждении отработаны и технологически обеспечены. Методы отбора, принимаемых работников, по их деловым способностям и личным качествам, должны соответствовать принципам достоверности и надежности.

Поиск кандидатов: сбор и анализ запрашиваемых документов, собеседование

Реализация поиска кандидатов, осуществляемого начальником отдела кадров/специалистом по кадрам спортивного учреждения, представляет собой последовательные этапы:

- Сбор и анализ запрашиваемых документов (информации): анкеты, резюме, подтверждающие документы, отзывы и справки с предыдущих мест работы или учебы (представляются кандидатами на вакантные позиции в добровольном порядке) и другие документы.

- Встреча, собеседование, интервью:

- ♦ подготовка собеседования (определение специалистами кадровой службы, руководителем структурного подразделения перечня задаваемых вопросов, места и времени проведения собеседования);

- ♦ основная часть собеседования (получение информации от кандидата на занятие вакантной должности).

Основными критериями, решения, по отбору кандидата на замещение вакантной позиции являются:

- профессиональные достижения;
- степень соответствия кандидата предъявляемым требованиям, к уровню его профессионализма и развитию (наличию) определенных личностных качеств (характеристик);
- соответствие сведений, представленных кандидатом, истинному положению вещей, их достоверность;
- личное впечатление о кандидате, основанное на проведенном собеседовании.

Результатом процедуры формирования кадрового состава является итоговое решение специалиста по кадрам, руководителя структурного подразделения, руководителя спортивного учреждения о соответствии кандидата, требованиям вакансии и приеме на работу.

Оформление информации о ходе выполнения плана по формированию кадрового состава

При принятии соответствующего решения, специалистом по кадрам, оформляется информация о ходе выполнения плана по формированию кадрового состава учреждения.

Стимулирование деятельности

Целью, процедуры стимулирования, деятельности работников спортивного учреждения, является обеспечение условий, для привлечения наиболее квалифицированного персонала, мотивация к развитию своего потенциала, направление усилий на выполнение оперативных и стратегических целей учреждений [5,6,7,8,9,10,11,12].

Установление принципов и направлений стимулирования деятельности

Основными принципами, в отношении стимулирования деятельности персонала, являются:

1. обеспечение подхода к оплате труда работников спортивного учреждения, определенной законодательством РК и локальными нормативными актами учреждения;
2. мотивация работников, на достижение задач и целей спортивного учреждения, путем повышения эффективности индивидуальной деятельности, а также, деятельности структурных подразделений и учреждения в целом;
3. прозрачность – обеспечение понимания всеми работниками принципов определения структуры и уровня вознаграждения.

Стратегическим направлением, совершенствования стимулирования деятельности, является развитие системы вознаграждения, связывающей оплату труда с конкретными результатами деятельности структурных подразделений, каждого работника спортивного учреждения.

Таким образом, система стимулирования деятельности работников спортивного клуба включает в себя следующие виды стимулирования:

- материальное стимулирование;
- нематериальное стимулирование.

1 Адамбеков Б.К. и соавторы. Влияние структуры и содержания тренировочного процесса на подготовленность футболистов. Материалы Международной научно-практической конференции. - 2006.- С.114-117.

2 Воронине Э. Организационно-правые формы физкультурных организаций в современных условиях//Теория и практика физ. культуры 1999. - №4. –С.14-15.

3 Котов А. Педагогические аспекты становления профессионального коммерческого спорта. – Малаховка, 1998. – 173 с.

4 Андреев О.С. Совершенствовать организационно-управленческую деятельность физкультурно-спортивных организаций / - Иркутск, 2005. - С. 135-139.

5 Алексеев, В.Н. О решении некоторых проблем совершенствования структуры футбола // Ученые записки. П.Ф. Лесгафта. - 2007. - № 6. - С. 3-5

6 Алексеев, В.Н. Управленческие и организационные резервы дальнейшего руководства процессами развития футбола // Серия «Педагогика и психология». - Майкоп: Издательство АТУ. - вып. 1. 2009. - С. 238-242.

7 Васин В.А. Организационные социально-экономические и правовые аспекты деятельности спортивных организаций на современном этапе. - М., «Педагогика и психология». - Майкоп: Издательство АТУ, 2000. - 16 с.

8 Келлер В.С. Функции управления в системе подготовки спортсменов // Теория и практика физической культуры. 1975. - № 6. - С. 57-58.

9.Алексеев, В.Н. Основные функции современного футбола // – Калининград: Изд-во Калининградск. гос. ун-та, 2005. – С. 126-133.

10.Блауберг И.В. Становление и сущность системного подхода. - М., 1995. – 268 с.

11.Вирский Е.А. Управление персоналом.- Мн.: Веды, 2004. - 215 с.

12.Головков В.В. Факторы, обеспечивающие эффективность деятельности квалифицированных спортсменов в футболе: - СПб, 2002. - 24 с.

Түйіндеме

А.С.Айтхожин – Абай атындағы ҚазҰПУ мғистрі

Б.Қ.Адамбеков – п.ғ.к., аға оқытушы Абай атындағы ҚазҰПУ

Спорт клубтарының құрылуы және басқару жүйесінің принциптері

Әлеуметтік іс-шаралар ең қуатты түрлерінің бірі ретінде, қазіргі заманғы футбол үнемі дамып және өзгеруде шұғылданушылар саны өсіп отырғанын, бәсекелестік жүйесін кеңейту, кәсіби спорт резервін даярлау, бәсекеге қабілетті қызметінің күрделі сипаттағы жүйесін жетілдіру. футбол оқыту мен дайындау және бәсекеге қабілетті қызметін жетілдіру: факторлардың жиынтығы Бұл бірқатар проблемаларды, болып табылатын Орталық туындатады.

Түйін сөздер: принциптері, құрылымы, басқару жүйесі, футбол клубы, футболшылардың дайындығы.

Summary

A.Aytkhozhin - Magister of the Kazakh National Pedagogical University named after Abai

B.Adambekov - PhD, Art. teacher of the Kazakh National Pedagogical University named after Abai

Basic principles of construction and management system sports clubs

As one of the most powerful types of social activities, modern football is constantly evolving and changing - growing number of engaged, expanding the competition system, improving the system of professional sports training reserve, complicated nature of competitive activity. This set of factors gives rise to a number of problems, the central of which are: the improvement of teaching and training and competitive activity in football.

Keywords: principles, structure, management system, football club, football training.

УДК: 373 (574)

ТӘРБИЕ – БІЛІМНІҢ НЕГІЗІ

Ш.Болатқызы - аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ,

Ж.Д.Дауирбаева - «5В010800 - Дене мәдениеті және спорт» мамандығының 3 курс студенті, Абай атындағы ҚазҰПУ

Бұл мақалада авторлар ұлы ғалым Әбу Насыр Әл-Фарабидың «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол оның өміріне апат әкеледі», - деген ойын негізде ала отырып тәрбие білімнің бастауы екендігін жан-жақты ашып көрсетеді. Сонымен қатар мақала авторлары тұлғаның қалыптасуына әсер ететін факторлардың маңыздылығын, олардың әрқайсысының бала тәрбиесінде алатын орнын баяндаған. Соның ішінде тұлғаны қалыптастыруда жетекші болып табылатын тәрбие факторының мақсаты мен міндеттеріне сипаттама бере отырып, тәрбие – білімнің негізі болып табылатындығын айқындаған. Бала тәрбиесінің бастауы болып табылатын отбасы тәрбиесінің бала тәрбиесіндегі алатын орны баяндалған. Сондай-ақ балаларға білім беріп, білім нәрімен сусындататын, мектептің жүрегі болып табылатын мұғалімдердің алатын орны туралы айтылған.

Тірек сөздер: тәрбие, білім, білім беру, бала тәрбиесі, тәрбиенің мақсаты, даму, қалыптастыру, тұлға, орта, отбасы, қоғам.

Тәрбие – жеке тұлғаның адамдық бейнесін, ұнамды мінез-құлқын қалыптастырып, өмірге бейімдеу мақсатында жүргізілетін жүйелі процесс. Бесік тәрбиесі, балдырған тәрбиесі, өрен тәрбиесі,

жасөспірім тәрбиесі, жастар тәрбиесі бір-бірімен жалғасып, өз ерекшеліктерімен жүзеге асырылып жатады. Жас ұрпаққа білім беруде тәрбиенің рөлі ерекше. В.Г.Белинский: «Тәрбие – ұлы іс, тәрбие арқылы адам тағдыры шешіледі», сондай-ақ «Бала тәрбиесіне ерекше мән берілуі керек, тәрбиенің арқасында болашақ адамзат тағдырының негізгі мәселесі шешіледі», - деген болатын. Болашақ ұрпақ тәрбиеден ғана рухани байлық алып, тәрбие арқылы ғана адам болып қалыптасады. Тәрбие бұл халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибиесі мен ізгі қасиеттердің жас ұрпақтың бойына сіңіру, баланың қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, дүниетанымын, өмірге деген көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру процесі болып табылады. Тәрбиенің тарихына келетін болсақ, тәрбие алғашқы қауымның пайда болуымен қатар пайда болып және оның дамуының барлық кезеңдерінде өмір сүріп келеді. Тәрбие мәңгілік болып табылады. Тәрбиенің мақсаты жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастыру. Сонымен қатар адам бойында ізгілік, инабаттылық қасиеттерін және тіршілікке қажетті дағдыларды меңгерту болып табылады. Тәрбиенің маңызды міндеттерін орындау үшін арнайы дайындығы бар, білімді мұғалімдер керек болды. Мұғалімнің педагогикалық қабілетінің орны үлкен, өйткені педагогикалық іс-әрекеттің үлкен шығармашылық әлеуеті бар, сондықтан оны жүзеге асыруда арнайы қабілет керек, қабілет көпшілік жағдайда іс-әрекеттің нәтижелі болуын анықтайды. Мұғалім тұлғасы іс-әрекеттің құрылымын бейнелей отырып, қасиеттер мен сипаттамалардың жай жиынтығы емес, кәсіби және танымдық бағыттылығы бар біртұтас құрылым болып табылады. Педагогикалық іс-әрекет аясында мұғалім оқушымен қарым-қатынас процесінде ғылым әлемін байланыстырушы роль атқарады. Ендеше мұғалім білім мазмұнын бере отырып, ұжымдық субъектілердің іс-әрекетін жеке субъектілердің жеке әрекетіне айналдыру процесін ұйымдастырады, сөйтіп жеке тұлғаның қалыптасуы мен дамуын қамтамасыз етеді. Оқушыларды тәрбиелеу мәселесі ең негізгі талаптардың бірі боп саналады. Баланы тәрбиелеу ісі баршаның ісі. Адамгершілік асыл қасиеттердің адамды арман мұратына жеткізсе, ал жаман қылық, жат әрекеттердің зияны тиіп, жаманшылыққа ұшыратып жатады. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттың құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» - делінген, ал басым міндеттерінің бірі ретінде «Жеке адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастырып, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы интелектіні байыту», - деп көрсеткен.

Әлемнің екінші ұстазы атанған, ұлы ғұламамыз Әбу-Насыр Әл-Фараби айтқандай «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы». Білім беру оқыту мен тәрбие жұмысын біріктіретін және тұлғаның дамуына ықпал жасайтын процесс. Білім беру бұл табиғат пен қоғам жайында жинақталған білім жүйесін жеке адамның меңгеруі және оны өмірде тиімді етіп қолдана білуі. Білім беру ұғымын педагогика ғылымына тұңғыш енгізген швейцар педагогы И.Г.Песталоцци.

Орыс педагогі К.Д.Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, дәстүрлі бірсарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз. Білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуында жетекші роль атқарады, сондай-ақ оны әрі қарай айқындай түседі. Ал білімнің қалыптасып, дамуының жалпы шарттары философияның негізгі мәселесі – рухтың материяға, сананың болмысқа қатынасы тұрғысынан зерттелетін ілім таным теориясы деп аталады. Таным теориясының басқа ғылыми теориялардан түбірлі айырмашылығы – ол білімнің қалыптасуы мен негізделуінің жалпы ұстанымдарын, объективтік қатынастарды қалыптастырады.

Білім берудің мақсаты – жедел дамып келе жатқан ортада өмір сүруге бейім және бәсекеге қабілетті, өзін-өзі дамытуға, өз ойын еркін айта білуге, өз қалаулары мен қоғам талабына сай, өзін көрсете білетін жоғары білімді, ұлттық тілді, тарихты жетік меңгерген, отандық және әлемдік мәдениеті бойында қалыптасқан, шығармашыл жеке тұлғаны қалыптастыру болып отыр. Бұл мақсаттан төмендегідей міндеттер туындайды: тәрбиелеу және дамыту іс-әрекетін ұйымдастыру, құзыреттіктерді қалыптастыру және дамыту, оқушы жеке тұлғасының қалыптасуына көмектесу, оның ішкі мүмкіншілігі, бейімділігі, мақсат-мүдделері мен шығармашылық қабілеттерінің байқалуы мен қалыптасуына жағдай жасау. Бұл мақсат пен міндеттерді іске асыру үшін тәрбие жүйесі тұлғаны әлеуметтендіру идеяларын іске асыра отырып, оқытудың жаңа әдістерін жеке тұлғалық қасиеттерге бағытталған оқытуды, зерттеу, жобалау әдістерін, денсаулық сақтаушы әдісін қолдана отырып тәрбие жұмысын

ұйымдастыруы қажет. Білім беру жүйесіндегі тәрбие берудің ерекшелігі - тек өз халқының ұлттық мәдениетінің негізінде ғана шектеліп қоймай, жалпы адамзаттық және өркениетті дамыған мемлекеттердің озық жетістіктерін, мәдениетін, адамгершілік құндылықтарын игеру арқылы тұлғаның жан-жақтылығын тәрбиелеу.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты жолдауында «Білімді, еңбекқор, бастамашыл, белсенді болуға қазірден бастап дағдыланыңдар. Жұмыс пен сұраныс бар өңірге батыл барыңдар. Шеберліктің шыңына жете білсеңдер мамандықтың бәрі жақсы. Қазір техникалық мамандықтардың, ғылым мен инновацияның күні туған заман. Ерінбей еңбек еткен, талмай ғылым іздеген, жалықпай техника меңгерген адам озады. Тұрмысы жақсы, абыройы асқақ болады. Біз жүзеге асырып жатқан түбегейлі реформалар мен атқарып жатқан қыруар істердің бәрі сендер үшін, болашақ үшін жасалуда. Мен жастарымызды жұмысшы мамандығын белсенді меңгеруге шақырамын. Жұмысшы мамандықтарын меңгеру керек. Кезінде мен де жұмысшы киімін киюден бастадым, домна пеші от-жалынының жанында тұрдым. Үлгі алыңдар! Жылдар өтеді, бірақ, осы өмірлік тәжірибелерің, сендер қандай өмір жолын таңдап алсаңдар да, міндетті түрде кәделеріңе жарайды деп атап кеткен болатын. Біз «5 институттық реформаны жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадам» Ұлт жоспарын жүзеге асырудамыз. Парламент Ұлт жоспарын заңнамалық қамтамасыз ету үшін жұмыс істеуде. Олар 80-нен астам заң. Олар біз жоспарлағандай, 2016 жылдың 1 қаңтарынан жұмыс істей бастайды. Шағын және орта кәсіпкерлік үшін әкімшілік кедергілер жойылуда, мемлекеттік басқару, білім беру мен денсаулық сақтау жетілдірілуде. Осы шаралардың бәрі де мемлекетке, қоғамға біздің экономикамызға қосымша төзімділік береді. Және де айта кетер болсам елбасымыз кәсіби білім берудегі техникалық кадрлар даярлау қажет екенін нақты атап көрсеткен болатын. Қазіргі жағдайларда адамның ұзақ та, арнайы ұйымдастырылған өмірге тәрбиесіз араласуы өте қиын. Тек тәрбие ғана жеке тұлғаның дамуының әлеуметтік бағдарламасын жүзеге асыратын, оның бейімділігі мен қабілеттілігін жетілдіретін шешуші күш. Тәрбиенің маңыздылығы сондай, біздің болашақ ұрпағымыз тәрбиеден ғана рухани байлық алып, тәрбие арқылы ғана адам болып қалыптасады. Педагогикада жас ұрпақты тәрбиелеудің негізгі мақсаты - «жан-жақты үйлесімді дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру», - деп жазылды. Күн сәулесі өсімдік тіршілігіне қандай қажет болса, тәрбие тұлғаның дұрыс өсіп жетілуіне соншалықты қажет. Ұрпағымызға дұрыс тәрбие бере алсақ, оның жан дүниесі де дұрыс қалыптасып жетіледі, яғни бойына жақсы қасиеттерді сіңіріп өседі. Бұл қасиеттердің бәрі адамның бойында бала кезінен бастап тұрақты қалыптаспақ. Баланың өмір сүруге құштарлығының оянуы жақсы мен жаманды ажырата білуі өзін қоршаған ортасына, мұғаліміне, ата-анасына, құрбы-құрдастарына, олардың іс-әрекеттеріне және де басқа да қасиеттеріне байланысты. Бала тәрбиесі – өте күрделі процесс. Оның күрделілігі бесіктен бастау алып, үнемі уақытпен, бала көңіл-күйімен, жеке қабілетімен, икемділігімен, тізгінді үнемі қадағалау қажеттігімен ұғындырылады. Тәрбие негізінен баланың бал дәуренінен бастап азамат болғанына дейін тәні мен жанына бірнеше арнамен құйылады: отбасы, мектеп, қоршаған орта, жұмыс орны. «Тәртіптің ең тамаша мектебі – отбасы», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» дейді халқымыз. Иә, ұрпақтың тәрбиесі – қоғамның болашағы және оған аса зор жауапкершілікпен қарау - әрбір саналы азаматтың борышы. «Ел боламын десең, бесігіңді түзе», - деп М.Әуезов дәл айтқан. Бала тәрбиесінің дұрыс жолға түсуі оны қоршаған ортаға, әсіресе отбасы мен ұстаздар қауымының парасаттылығына байланысты.

Отбасындағы тәлім-тәрбиенің мақсаты – баланың жасын, жеке ерекшелігін, психологиялық процестерін ескере отырып, жарасымды, жетілген ұрпақты тәрбиелеу. Сондай-ақ болашақ азаматтарды ізгілікке, өмірдегі өз орнын таба білуге, кездесетін қиындықтарды жеңе білуге үйрету болып табылады. Көздеген мақсатқа жету үшін отбасындағы тәрбие төмендегі міндеттер арқылы шешіледі:

- баланың денсаулығына қамқорлық жасау, тазалықты қалыптастыру;
- баланы еңбексүйгіштікке баулу, тұрмыстағы, үй шаруашылығындағы еңбекке деген құлшынысын арттыру, өзіне-өзі қызмет етуге үйрету;
- отбасы мүшелерімен тіл табысып, дұрыс қарым-қатынас жасауға, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге үйрету;
- өнерге, білім, ғылым, мәдениетке тәрбиелеу;
- адамгершілікке, ізеттілікке, ойшылдыққа тәрбиелеу және т.б.

Ата-аналардың балалары алдында олардың денсаулығының дұрыс жетіліп өсуін қамтамасыз ету, тәрбие беру, білім беру, үй болып, аяққа тұрып ел қатарына қосылып кетуін қамтамасыз ету сияқты міндеттерін орындау, ал балаларының алдында ата-анасын қамқорлыққа алып, сүйеніш болуы секілді

міндеттері ұштасып жатады. Бүгінгі таңдағы отбасы тәрбиесінде қоғам ата-аналар алдына үлкен жауапкершілікті жүктеп отыр. Қазақстан Республикасының тәлім-тәрбие тұжырымдамасында бүгінгі тәрбие берудің негізгі міндеттерінің өзі «ең алдымен дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, ар-ожданы мол, мәдениетті, парасатты, еңбекқор, іскер, бойында басқа да ізгі қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу» деп көрсетілген. Отбасы тәрбиесінің негізгі мәні отбасындағы өзара ынтымақтастық пен түсіністік болып табылады.

Тәрбие жұмысы педагогтардың нақты міндеті, яғни шәкірт тұлғасын қалыптастыру мәселесін саналы түрде шешуге бағытталған үйлесімді іс-әрекет. Тәрбие және тәрбие жұмыстары әр баланы қайталанбас тұлға ретінде қарап, оның өзгеше қасиеттерін дамытуы қажет. Әрбір бала - тұлға, өзінше бір әлем, ал әр педагогтың міндеті әр тұлғаны көре білу, жүректеріне жол табу. В.А.Сухомлинский: «Әлемде адам тұлғасынан күрделі, одан бай ешнәрсе жоқ», - деп жазған. Бүгінгі күнде барлық ұстаздардың алдындағы мақсат - өмірдің барлық саласында белсенді, шығармашылық іс-әрекетке қабілетті, еркін тұлға тәрбиелеу болып табылады.

Тәрбие мәселесінің нәтижелі болуы ата-аналар мен қоғамдық ортаның тәрбие ісінен шет қалмай белсене араласуына, адам тәрбиелеудегі жауапкершілікті бірлесе көтеріп, жұмыла істеуге тікелей байланысты. Халықтың болашағы - ұрпағы, ұрпақтың тәрбиесі – ұстаздарда. Ұстаздың мұраты - жетілген, толыққанды азамат тәрбиелеу. Ал толыққанды азамат қалыптасу үшін ақыл-ой тәрбиесі, имандылық, еңбек, эстетикалық, тілдік қатынас, дене тәрбиесі, сонымен қатар экологиялық, экономикалық, жыныстық, патриоттық тәрбие берілуі тиіс. Оқушы жастардың жүрегін тебіrentіп, ой-сезіміне әсер ету үшін біріншіден, тәрбиеші ұстаздың саяси сауатты, жан-жақты энциклопедиялық мол білімі болуы шарт, екіншіден, тәлімгер ұстаз өз бойындағы білімді оқушы жүрегіне еркін ұялата аларлықтай әдіскерлік шеберлігі қажет, үшіншіден, мұғалім оқу-тәрбие үрдісін жүргізу кезінде оқушының психологиялық ой-өрісінің өсу, даму дәрежесін бақылай білетіндей сезімтал психолог болуы керек. Күш-қуатының қауіпсіз дамуын, адамгершілігі жағынан дұрыс қамтамасыз етуге міндетті» делінген. Яғни А.Н.Толстой айтқандай «Мұғалім өн бойына өз ісіне, шәкіртіне деген сүйіспеншілікті жинақтаса ғана ол нағыз ұстаз». Білім мен тәрбиені сабақ барысында ұштастырып, бірлікте оқыту әрбір ұстаздың басты шарты болса, сынып жетекшілері тек сабақта ғана емес, сабақтан тыс уақытта да іздене жүріп, оқушылардың бойына тәрбиенің ең ізгісін, ең асылын сіңіре білуі керек. Қазіргі уақытта жас ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуына ізгілік, ғылымилық, жүйелілік ұстанымдарына негізделген үздіксіз экологиялық білім беру жүйесін құру, оның тәрбиелік мүмкіндіктерін саралау өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Қазіргі таңда тәрбиенің теориясымен практикасының өзекті мәселелерінің бірі білім – тәрбие жүйесінің мақсатын белгілей білу. Мәселен, «мен оқушыларымның бойынан қандай қасиеттерді көргім келеді немесе болашақта қандай азамат болып өссе екен деп ойлаймын», осындай сауалдарға жауап іздеу барысында оқушыларға тәлім-тәрбие берудегі басты мақсаттарды анықтап алуға болады. Жаңа заман адамдарын тәрбиелеуде ұстаз қауымына өмірдің өзі осыны талап етіп отыр. Ал ұстаздардың осы талап тұрғысынан табылуы, олардың адам тәрбиесіне өнер деп қарап, үнемі шығармашылықпен іздене жүргізуіне, мектеп басшыларының күнделікті бақылау басшылығына, әр ұстаздың бойындағы жақсы қасиетті, өнегелі істі танып көре білуіне, оны үлгі-өнеге етуіне байланысты демекпін. Тәрбие күрделі, көп өлшемді, көп қырлы процесс. Тәрбие жұмысын ұйымдастыруда сынып жетекшісі өзінің оқушыларының инициативасына сүйену, барлық баланың деңгейін, қызығу бағыттарын, әрқайсысының дара дамуын, жеке тұлғалық қалыптасу жолын және шығармашылықпен жаңа формамен түрлендіріп өткізуі қажет.

Оқушыларды адалдыққа, әділеттілікке, ерлікке, әсемдікке, достыққа үйретуіміз керек, жамандықтан, қулықтан, өтіріктен, зұлымдықтан аулақ болуға тәрбиелеуіміз керек. Осының барлығы баланы табиғи ортаны қорғау, өмір сүру қабілетін қалыптастыру, халықтың салт-сана, дәстүр, әдет-ғұрпын білуге үйрету арқылы, болашақта ары таза, рухани байлығы мол, ізетті, инабатты, сегіз қырлы, бір сырлы тұлға тәрбиелеуге бағытталған. Ендеше, осындай ізгі қасиеттерді оқушылардың бойына сіңіріп мінезін қалыптастыруымыз керек. Бүгінгі күні елімізге әдеби тілге бай, білімді, өнерлі жастар керек, ал біздің негізгі міндетіміз – инабатты, ізетті, әдепті, сыпайы, ұлттық қасиетімізді бойына терең сіңірген азамат тәрбиелеу. Ең алдымен мәдениетімізді, тілімізді қастерлеуіміз керек, осыны оқушы санасына сіңіруіміз керек. Бүгінгі күні әдебиеттен, өнерден хабары бар, білімі терең, ойшыл, сезімтал, еліне сүйіспеншілігі мол, өз елінің патриоты болатын жастар тәрбиелеуіміз керек. Осы жастарымыз біздің зор үміт күтетін болашақ азаматтарымыз. Тәрбие күрделі, көп өлшемді, көп қырлы процесс.

Тәрбиесі күрделі де жауапты міндет екендігі бәрімізге белгілі. Баланың өмірге бейімдеуде мектеп, ұстаз және ата-ананың орны бөлек. Тәлім-тәрбиелік жарасымдылық мектеп пен ата-ана, әлеуметтік

орта бірлесіп жұмыс істеген жағдайда ғана үйлесімділік табады. Қай халық болсын ұрпағының тәрбиесіне терең мән беріп, болашағына үнемі алаңдаушылықпен қараған. Ұрпақ тәрбиесі келешек қоғам мұрагерлерін тәрбиелеу ісі. Сондықтан ата-аналар мен ұстаздар қауымы үшін жас ұрпақ тәрбиелеп, оны қоғам мүддесіне жарату кезек күттірмейтін мәселе. Осы мәселеге ата-аналар мен ұстаздар қауымы болып бірге атсалыссақ, алар асуымыздың биік болары сөзсіз. Сондықтан да сапалы білім, саналы тәрбие бере отырып, еліміздің болашақ жастарын ұлағаттылыққа тәрбиелейік.

1. Ж.Қоянбаев, Р.Қоянбаев. Педагогика. - Алматы, 2000.

2. Қ.Жарықбаев, С.Қалиев. Қазақтың тәлім-тәрбиесі. - Алматы, 1995.

3. Аманбаева Ф. « Ұлттық тәрбие – сапалы білім берудің негізі». – Алматы, 2010.

4. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. - Алматы, 2000.

5. Қазақстан республикасының президенті Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты жолдауы (30 қараша 2015ж.).

Резюме

Болатқызы Ш. – ст.преподаватель КазНПУ им.Абая,
Дауирбаева Ж.Д. - студент 3 курса специальности «5В010800 - Физическая культура и спорт» КазНПУ им.Абая

Воспитание – основа образования

Авторы статьи дают заметку к факторам, которые играют главную и важную роль в формировании личности. Дают определение на одну из основных факторов которым является воспитания, и на цели и задачи. В статье рассматривается роль семьи, в котором лежит основа воспитания ребенка. А также современные представления о воспитании школьников в семье, а именно об обучении родителей знаниям, которые они должны освоить. В заключении авторы дают знать, что в системе воспитания и обучения детей в школе важную и ключевую роль играют педагоги.

Ключевые слова: воспитание, знание, образования, воспитание ребенка, цель воспитания, развитие, формирование, личность, среда, семья, общество.

Summary

Sh.Bolatkzyz - Master of Art. teacher Kazakh National Pedagogical University named after Abai
Zh.Dauirbaeva – 3rd year student of the specialty "5V010800 - Physical culture and sport" Kazakh Pedagogical University named after Abai

Education - the foundation of education

The authors give a note to the factors that play a major and important role in shaping personality. Give the definition of one of the main factors that is education, and the goals and targets. The article discusses the role of the family which is the basis of the child's upbringing. And modern ideas about the education of school children in the family, and it is about teaching parents the knowledge they need to master. In conclusion, the authors give to know that children in the system of education and training at school and an important key role played by teachers.

Keywords: education, knowledge, education, child education, the goal of education, development, formation, personality, the environment, family, society.

УДК 37.371.371.3

БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДА ЫНТАЛАНДЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Ж.Б. Кдыралиева – Абай атындағы ҚазҰПУ, филология кафедрасының магистрі.
Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ФЗИ expertі

Мақалада оқушыларды оқытуда жаңа әдістің тиімділігі, маңыздылығы жөнінде айтылған. Ынталандыру әдісі баланың қызығушылығын, бір-бірімен тіл табысуын өзіндік менін табуына көмектеседі. Оқыған-тоқыған білімін тәжірибе жүзінде қолдануна ынталандыру әдісі септігін тигізіп, ең бастысы баланың құндылығы тәуелсіз, дербес болып өсуіне, шығармашыл, дарынды болып өсуіне жаңа оқыту әдістері ықпал етеді. Тиімді, сіңімді білім алған бала болашақта саналы азамат болып қалыптасады.

Түйін сөздер: оқушы, тұлға, ынталандыру, әдіс, мадақтау, дарынды, шығармашыл.

ҚР «Білім туралы заңында» оқыту формасын, әдістерін, технологияларын таңдауда көп нұсқалық қағида атап көрсетілген. Бұл білім беру мекемелерінің мұғалімдеріне өзіне оңтайлы нұсқаны қолдануына, педагогикалық үрдісті кез келген үлгімен құра беруіне мүмкіндік береді. Осыған орай,

қазіргі білім беру парадигмасында білім алушыға тұлғалық-әрекеттік тұрғыда қарауға үлкен мән беріп отыр. Өйткені, XXI – ғасыр нағыз технологиялық мәдениеттің, кәсіби мәдениеттіліктің, терең білім мен ізденісті талап ететін дәуір. Білім беру жүйесі - әр елдің даму болашағын айқындайтын, әлемдік өркениетке жетудің негізгі бағыттарын көрсететін біртұтас құрылым. Әр мемлекет болашағы мектептен шыңдалады десек, мектептің білім сапасы жоғары болуы міндетті. Білім беру процесінде жаңа әдістер арқылы оқытқан тиімді [1]. Сондай әдістің бірі белгілі іс-әрекетті орындатуға талаптандыру ниетімен қолданылатын ынталандырудың орны өз алдына. Шет ел педагогтары жиі қолданып келетін әдіс, бүгінде біздің мектептерде кейбір элементтері де бет алып келе жатқандығын жоққа шығара алмаймыз. Ынталандырудың бір жолы мадақтау. Мадақтау – тәрбиеленушілер әрекетіне ұнамды баға беру. Мадақтау ықпалы оқушының ұнамды көңіл-күй сезімін көтеруге негізделген. Осыдан да мадақтау балада өзіне деген сенім орнықтырып, жұмысқа деген жағымды көңіл қатынасын оятады, жауапкершілік арттырады. Мадақтау түрліше орындалуы мүмкін. Олар арасында тәрбие процесінде жиі қолданылатындары – қолдау, қуаттау, алғыс жариялау, құрметті құқықтар беру, мақтау қағаздары мен сыйлықтар беру және т.б. Қарапайымды бола тұра, мадақтау өте жауапкерлі де іс. Мадақ шектен тыс әсіреге айналып кетпей, орынсыз кем де болмауы керек. Санамен сарапталмаған әсіре мадақ баланы бұзады. Осыдан мадақтаудың психологиялық қырлары мен оның салдарын ескерген жөн:

Мадақтау:

✓ Әйгілену мақсатта емес, мұғалім мен оқушы арасындағы, екі тараптың жан дүниелік қалауы мен қабылдануы

✓ Мадақтау арқылы тәрбиеленушіні басқа балаларға қарсы қойып алмауды да ойластырған жөн. Сондықтан тек табысқа жеткен оқушыны ғана мақтап шектелместен, шын ықпалымен еңбектенген, өз ісіне адалдық танытатындардың бәріне де жылы лебіз, мадақ сөзді аянбаған жөн.

✓ Мадақ қолдана отырып, кім, не үшін, қаншалықты сыйға тұрарлық екенін сараптау. Әсіре мадақ астамшылдыққа алып келу мүмкін

✓ Әрқандай мадақ жеке тұлғалық ерекшеліктерді ескерумен беріледі. Өзіне сенімі жоқ, үлгерімі төмен оқушыны қолдап-қуаттау қажет. Қандай да ұнамды сапасын танып, педагог сол арқылы балада сенім оятады, ұмтылыс пен дербестік, кедергілерден сескенбеу қасиетін баулиды. Өзіне тәрбиеші, төңірегіндегі адамдар сенімін артқан бала, өз кемшіліктерін де «жүгендеп», оңды жолға түсе бастайды.

Ынталандыру әдісі барлық сыныптыраға қатысты. «Жылы-жылы сөйлесең жылан інінен шығады, суық-суық сөйлесе – мұсылман дінінен таяды» - деген аталы сөзді негізге ала отырып, қандай сынып оқушысы болмасын, әсіресе жоғары сынып оқушыларын өзіңмен бірдей, тең дәрежеде көріп, сенім арту арқылы білімге итермелеп, өзіндік «менін» қалыптасуына септігін тигізуге болады [2]. Жоғары сынып балаларына қысымға шектеу болмағаны дұрыс. Оларға ыждахатпен, кішіпейілдікпен, ілтипатпен «Сіз», «сіз білесіз», «сіздің қолыңыздан келеді», «мен сізге сенім артамын» т.б. сөздер арқылы, сенім жүктеу арқылы балаға жауапкершілігін сезінуіне, өзін сыйлы азамат ретінде қабылдануына ықпал етеміз. Ал, мұндай жағдайда баланың жауапкершілікті сезінуі жоғарлап, білімге бет бұруы да жоғарламаса, төмендемейтіні анық. Сондай-ақ, үлгерімі төмен, басқа сыныптастарына қарағанда артта келе жатқан баланы «сынып басшысы», «топ жетекшісі», «староста» т.б. сынып ішінде белді орынға тағайындап қою арқылы білімге тартуға болады. Бұлда бір ынталандырудың жолы. Ынталандырудың келесі бір жолы - қызықтыру. Мәселен, Жыл басында мектеп президентін ұсыну. Білімі жақсы, активисттер ұсыныла алады. Сол орынға таласып жақсы оқуға тырысады. Сондай-ақ, үздік деген оқушылардың фото-суреттерін плакатқа «Біздің мақтанышымыз!» деген мақтаумен мектеп сыртына іліп қою. Оқушылардан өзге кез келген адам көре алады. Сол мақтаныш тақтасына ілігу үшін бала жақсы оқуға талпынады

Шағын сый беру арқылы, үздік оқытындарға алтын значок тағып қою. Сол алтын белгіні жыл бойы тағып жүру жоғары сынып балдарына ол беделді болып саналады. Бұл баланың өзіне деген құрметін асыра түсері анық. Өйткені балалардың арасында бәсекелестік пайда болады. Сабақты жарыса оқуға ұмтылады. Сыныптасының жеткен жетістігіне басқалары қол жеткізгісі келеді[3]. Жарыс әдісімен баланың бәсекелестікке деген табиғи қажеттігін жеке тұлғаға және жалпы қоғамға сай қасиеттерді баулитын тәрбие арнасына бұруға болады. Өзара жарыса жүріп, оқушылар қоғамдық қылық тәжірибелерін тез игеріп, тән-дене, адамгершілік, эстетикалық сапаларын дамытады. Жарыс әсіресе үлгерімі төмен оқушылар үшін аса қажет. Өз нәтижелерін жолдастарының жетістіктерімен салыстыра отырып, өз білімдері мен ептіліктерін көтеруге күш алады, оқуы мен өзіндік тәрбиесіне

ден қоя бастайды. Жарыс ұйымдастыру үшін балалар психологиясын жете тану қажет, біртұтас маңызды шарттар мен талаптарды ұстану әрі орындау абзал. Жарыс тиімділігі оның ұйымдастырылуында. Бұл үшін жарыстың мақсаттары мен міндеттері айқындалады, бағдарлама түзіледі, баға өлшемдері белгіленеді, жарыстыру шарт – жағдайлары жасалады, қорытынды шығарылып, жеңімпаздар марапатталады. Жарыс өзіне сай күрделілігімен әрі қызықты өткізілуі тиіс. Сонымен бірге жарыс ережелері соңғы нәтижелерді бағалап, салыстыруға келетіндей нақты болғаны жөн. қорытындылау мен жеңімпаздарды анықтау жариялы болып, бағалау өлшемдері қарапайым, баршаға түсінімді болғаны дұрыс. Жарыс бағдары мен мазмұны айқын болуы тиіс. Бүгінгі таңда мектеп тәжірибесінде сынып, мектептің озық оқушысы, пән білгірі атақтарын алу жарыстары өткізілуде.

Қорытындылай келгенде, Мектептегі оқу процесіндегі кәсіби бағдар мақсаты мен міндеті оқушының дүние танымдық көзқарастарымен қатар дамып, ұштасып отыру керектігі. Өйткені жасөспірімдердің кәсіби бағдар процесінің дамуында оқу, еңбек, қоғамдық саяси жұмыстар жетекші орын алады. Қазіргі кезеңдегі оқытудың негізгі ұстанымы – шығармашылық, белсенділік, әлеуметтік жауаптылық, жоғары интеллектілік, терең білімділік, кәсіби сауаттылық екені ақиқат. Сондықтан да қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі - әлеуметтік-экономикалық өзгермелі жағдайларда өмір сүруге дайын болып қана қоймай, сонымен қатар оны жақсартуға игі ықпал ететін жеке тұлғаны мектеп табалдырығын аттағаннан бастап жаңа оқыту әдістерді пайдалана отырып білім сапасын арттыру негіз болып табылады.

1 М.А.Нуриев., А.Е.Садыкова «Бастауыш сынып оқушыларын ынталандыру арқылы танымдық белсенділігін арттыру» «Ұлттық тәрбие» №4(24), 2014

2 Ізденіс/Поиск. №4 2012ж. Интеллектуалды білім берудегі қажет кейбір мәселелер. /Ж.А. Сейсенбаева/

3 «Білім беру жүйесінің өзекті мәселелері». Көзқарас (журнал) /Ж.Өмірбекова/

Резюме

Ж.Б.Кдырәлиева – КазНПУ им.Абая, магистр кафедрасы филология

Эксперт. НИИ Формирование интеллектуальной нации

Оптимальные пути совершенствования образования

В статье написано о новых методах обучения в школе. Мотивирующий методы обучения в школе способствуют развитию познавательного интереса у детей, учат систематизировать и обобщать изучаемый материал, обсуждать и дискутировать. Осмысливая и обрабатывая полученные знания, учащиеся приобретают навыки применения их на практике, получают опыт общения. В качестве основных неоспоримых достоинств выступают высокая степень самостоятельности, инициативности, развитие социальных навыков, сформированность умения добывать знания и применять их на практике, развитие творческих способностей. Чувство свободы выбора делает обучение сознательным, продуктивным и более результативным.

Ключевые слова: студенты, личность, мотивация, метод похвалы, талантливый, творческий.

Summary

Zh B Kduralieva – Kazakh national pedagogical university Abai

Scientific Research Institute of the formation of the nations intellectual Expert

To develop effective incentives to improve quality of education

The article is written on the new methods of teaching in the school. Motivating teaching methods in schools contribute to the development of cognitive interest in children learn to organize and summarize the material under study, discuss and debate. Comprehending and processing the acquired knowledge, students acquire skills to apply them in practice, get experience. The main advantages are the indisputable high degree of self-reliance, initiative, development of social skills, the ability to acquire knowledge formedness and put them into practice, development of creative abilities. The feeling of freedom of choice makes learning conscious, productive and more efficient.

Keywords: students, personality, motivation, method of praise, talented, creative.

УДК 373.2-053.2

К ВОПРОСУ ОБ ОСОБЕННОСТЯХ РАЗВИТИЯ ДЕТЕЙ РАННЕГО ВОЗРАСТА

М.Акимджанова – магистрантка 2 курса специальности 6М010100 КазНПУ имени Абая
Научный руководитель: **А.Б.Елькеева** – к.п.н., доцент КазНПУ имени Абая

Статья посвящена актуальным педагогическим условиям развития детей раннего возраста. Несмотря на большое количество работ, посвященных этой проблеме, рассматриваемая в таком контексте проблема развития детей раннего возраста находится сегодня в центре внимания не только ученых физиологов, но и педагогов и психологов. Существует множество исследований и работ, в которых говорится о критическом значении первых лет жизни ребенка для всего его последующего развития. Ранний возраст ребенка – это чрезвычайно ответственный период, это истоки развития, закладка фундамента личности.

Ключевые слова: ранний возраст, развитие, педагогические условия.

Современные изменения в экономической и культурной жизни, а так же изменения в обществе, требуют от педагогов разработки новых концепций воспитания личности и развития ребенка начиная с самого раннего возраста. В настоящее время система общественного воспитания детей раннего возраста осуществляется в обстановке меняющейся экономической и политической ситуации. Растущая потребность населения в ясельных группах ставит задачу поиска новых подходов к решению проблемы воспитания детей раннего возраста.

В послании Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева народу Казахстана «Нұрлы Жол - путь в будущее» справедливо отметил, что у нас имеется и: «...другой вопрос - нехватка детских садов и яслей. Поручаю для кардинального сокращения дефицита мест в дошкольных организациях в течение 3 лет дополнительно направить 20 миллиардов тенге»[1].

Поэтому постановка этой проблемы в условиях современного Казахстана является, по нашему мнению, актуальной и прогрессивной тенденцией, имеющей социальную и политическую значимость.

Актуальность изучаемой проблемы находит свое отражение в государственных документах Республики Казахстан в области образования. Так, в Законе Республики Казахстан «Об образовании» (статья 11) отмечается, что охрана и укрепление физического и психического здоровья, развитие индивидуальных способностей детей с одного года до пяти лет является важной задачей [2, с.10].

Государственный общеобязательный стандарт дошкольного воспитания и обучения Республики Казахстан предусматривает развитие ребенка от 1года до 3-х лет через гармоничное единение пяти образовательных областей: здоровья, познания, коммуникации, творчества и социума [3, с.2].

Рассматриваемая в таком контексте проблема развития детей раннего возраста находится сегодня в центре внимания не только ученых физиологов, но и педагогов и психологов. Существует множество исследований и работ, в которых говорится о критическом значении первых лет жизни ребенка для всего его последующего развития. Ранний возраст ребенка – это чрезвычайно ответственный период, это истоки развития, закладка фундамента личности.

Что такое «раннее развитие»? Зачем и почему оно раннее? А стоит ли лишать ребенка детства? И так далее... Возникает очень много вопросов, споров и возражений. Большинство ученых считают, что если с раннего возраста не просто играть и читать, а применять какие-либо из известных методик раннего развития, учить ребенка чему-либо (естественно, через игру, а не посадив за парту), то малыш начинает развиваться еще быстрее, интенсивнее. Его речь разительно отличается от речи сверстников (и от речи его самого совсем недавно). Он начинает поражать родителей своим умом, памятью, изобретательностью, творчеством.

Таким образом, можно считать, что данное развитие не просто раннее, а своевременное, так как традиционная педагогическая наука, основанная на опыте прошлых веков, отстает от современных методик, человеческий потенциал гораздо богаче, чем было принято считать до сих пор.

Ранний возраст - это период быстрого формирования всех свойственных человеку психофизиологических процессов. Своевременно начатое и правильно осуществляемое воспитание детей раннего возраста является важным условием их полноценного развития. Каждому педагогу и родителю необходимо помнить, что в первые годы жизни важно обеспечить физическое, умственное, нравственное и эстетическое развитие детей, так как период раннего детства, время созревания всех основополагающих функций и является самым благоприятным для воспитания и обучения ребенка

Физиологические основы развития детей раннего возраста исследовали такие ученые как И.П.Павлов, Н.М.Щелованов.

Научные исследования Н.М. Щелованова свидетельствовали об огромном достижении в области физиологии, что и было признано сообществом всего мира. По его мнению, нужно активно включаться в развитие малыша с первых дней его жизни и не надо ждать, когда морфологически созреет мозг новорожденного ребёнка. Ученый физиолог сделал важное научное открытие и доказал, что функции полушарий головного мозга развиваются на протяжении жизни под влиянием внешних и внутренних раздражителей, а не фиксированы наследственно. Профессор Н.М. Щелованов впервые в своих научных изысканиях применяет онтогенетический метод, и этот факт даёт право учёным теоретически обосновать необходимость воспитания ребенка раннего возраста с первых дней его существования [4]

Целенаправленно Н. М. Щеловановым и его сотрудниками изучался вопрос о развитии движения детей. Благодаря этому исследованию было доказано что, развитие движений детей зависит от условий воспитания.

Также научное открытие И.П.Павлова о высшей нервной деятельности позволило понять, как устанавливается взаимосвязь организма с окружающей средой, как под влиянием внешних раздражителей в коре головного мозга ребенка формируются нервные процессы [5].

В последние годы ученые все чаще обращают внимание педагогов дошкольных организаций и родителей на значимость проблемы развития, воспитания и обучения ребенка с рождения до 3-х лет. Российские и зарубежные ученые приходят к единому мнению о наличии особой чувствительности детей этого возраста к речевому, сенсорному, умственному, физическому, эстетическому, патриотическому и другим направлениям развития личности. Только в результате непосредственного обучения в период от 1 года до 3 лет возникает возможность гармоничного воздействия на умственное созревание благодаря занятиям по всем направлениям.

В исследованиях Л.С.Выготского немаловажное значение придается ведущей роли взрослого в развитии ребенка раннего возраста. По мнению ученого он обеспечивает все условия, необходимые для развития и оптимального состояния здоровья малыша; несет тепло, ласку, ту информацию, которая необходима для ума и души ребенка. Одним из условий, обеспечивающих нормальное развитие и хорошее самочувствие детей раннего возраста, является единство педагогических воздействий со стороны всех, кто участвует в воспитании, особенно в семье: мать, отец, бабушка и другие взрослые. И если действия их не всегда согласуются или нет постоянства в требованиях, - малыш не понимает, как же он должен поступить, как действовать. Одни дети перестают подчиняться требованиям взрослых, другие, более сильные, пытаются приспособиться, каждый раз меняя свое поведение, что является для них непосильной задачей. Так сами взрослые часто являются виновниками неуравновешенного поведения детей – считает автор.

Большое значение психологи придавали роли изображения и игрушек в развитии ребенка раннего возраста. Л.С. Выготский писал о том, что силой одной вещи необходимо похитить имя у другой. Это и происходит в изобразительной деятельности и игре. К настоящему времени известны следующие основные тенденции в развитии речи ребенка раннего возраста: в начале раннего возраста в речи ребенка наблюдается феномен однословного предложения. «Физически - это слово, семически предложение», - писал Л.С. Выготский [6, с.280].

В своих трудах Д.Б. Эльконин отмечал, что в конце первого года жизни социальная ситуация полной слитности ребенка с взрослым взрывается изнутри. В ней появляются двое: ребенок и взрослый. В этом суть кризиса первого года жизни [7].

В этом возрасте ребенок приобретает некоторую степень самостоятельности: появляются первые слова, ребенок начинает ходить, развиваются действия с предметами. Однако диапазон возможностей ребенка еще очень ограничен.

Во-первых, речь носит автономный характер: слова ситуативны, они лишь сколки наших слов, слова многозначны, полисемантические. К тому же в самой автономной речи содержится противоречие. Эта речь - средство общения, обращенная к другому, но она, как правило, пока еще лишена постоянных значений.

Во-вторых, почти в каждом действии, которое ребенок осуществляет с тем или иным предметом, как бы присутствует взрослый человек. И, прежде всего, он присутствует путем конструирования предметов, с которыми ребенок манипулирует.

В первые годы жизни особенно велика взаимосвязь физического и психического развития. Крепкий, физически полноценный ребенок не только меньше подвержен заболеваниям, но и лучше

развивается психически. Вместе с тем веселые, подвижные, активные дети физически более выносливы. Незначительные нарушения в состоянии здоровья вызывают изменения в их общем самочувствии - они становятся раздражительными и вялыми, плохо играют, быстро утомляются.

Анализ научных работ ученых позволил сделать следующие выводы:

- Каждый период раннего возраста отличается ведущими реакциями и является фундаментом для последующего развития ребенка. Так, в первые полгода жизни ведущими и определяющими развитие ребенка являются зрительные, слуховые и эмоциональные реакции, которые обеспечивают его сенсорное развитие, расширяют ориентировку в окружающем, способствуют развитию движений рук, а в дальнейшем и общие движения. К 1 году дальнейшее развитие деятельности зрительного и слухового анализаторов происходит в процессе манипуляции ребенка с предметами и эмоционального общения со взрослыми. Качественные изменения в деятельности детей с предметами, большое значение для их психического развития имеют умения самостоятельно ходить, целенаправленно заниматься с игрушками, подражать действиям и речи взрослого.

- У детей второго года жизни активные движения расширяют их ориентировку в окружающем, стимулируют развитие психических функций (ощущений, восприятия, памяти, внимания, наглядно-действенного мышления). Это ответственный период речевого развития. Речь постепенно становится регулятором поведения детей.

- На третьем году жизни у детей совершенствуются и становятся более координированными движения руки и пальцев. Совершенствование ходьбы заключается в развитии координации движений ног и рук. Во всех видах деятельности и в разных жизненных ситуациях проявляется и формируется детская самостоятельность - важное и сложное качество личности. На протяжении третьего года жизни происходит дальнейшее обогащение смыслового содержания речи. Этот период характеризуется большой речевой активностью. Дети могут участвовать в различных видах самостоятельной деятельности: игре, рисовании, конструировании, лепке и др.

Сегодняшний день от профессорско-преподавательского состава (ППС) колледжа, чтобы спортивная педагогика, спортивная медицина, спортивная психология и спортивный менеджмент, сделал новый прорыв в научно-методической работе, а также в подготовке спортивного резерва в республиканском масштабе. Основной задачей специализированных средних учебных заведений, должно стать поиск новых путей на основе научных данных, методов качественного улучшения процесса спортивного обучения и подготовки. Приоритетным направлением - это, развитие системы

научно-практических разработок, направленных на внедрение оправданных отечественных и зарубежных инновационных методов и технологии. В рамках пути и перспективной реализации плана институционального развития в специализированных спортивных колледжах на данное время ведется и совершенствуется имеющийся определенный опыт работы, внедряя новейшие технологии современности. Профессионально-компетентный подход всех специалистов специализированных спортивных колледжах, направленно к изучению спортивной педагогике, спортивной медицине, спортивной психологии и спортивному менеджменту, это необходимый комплекс многофакторного знания, дает возможность для всестороннего развития современного педагога. Спортивно-ориентационное обучение спортсменов в специализированных спортивных колледжах необходима на развитие познавательных способностей личности, развития памяти, мышления, внимания, восприятие посредством ежедневных учебно-воспитательных занятия, и при участии спортсменов в учебно-тренировочные сборы (УТС), соревнованиях а самое главное – это удовлетворение потребности личности.

Главная задача в специализированных спортивных колледжах – это своевременное реагирование на изменения различных ситуации на рынке труда и ее коррекция согласно времени, при подготовке специалистов колледжа по специальности «Физические культура» по квалификации «Тренер – преподаватель». И в этом ключевую фигуру составлять профессорско-преподавательского состава (ППС) колледжа, с высокой педагогической культурой, развивая творческий потенциал, повышая своя профессиональную деятельность. Современная технология обучения требует от студенческой молодежи в развитии самообразований личности и в совершенствовании творческих способностей, которые необходимы для формирования деловитости и навыков. В целях совершенствования системы спортивного образования и подготовки квалифицированных специалистов в спорте, необходимо развивать теоретических и практических навыков. Студенты колледжа, обучаясь и проходя практику согласно учебных планов, закрепляют полученные теоретические знания, путем приобретения профессиональных навыков.

Главный смысл базовых оснований компетентного подхода, состоит в стремлении к полноте, увеличению значимости мировоззрения, к развитию самим молодым человеком своих собственных возможностей, а именно:

- «Учиться знать» - формирование знаний и умений;
- «Учиться делать» - развитие собственных творческих способностей;
- «Учиться быть» - выбор правильного пути к самореализации и повышению мировоззренческой культуры.

В рамках педагогических исследовательских работ специализированных спортивных колледжах стремиться по совершенствованию современных новейших технологии – это (дуальное обучение, электронное обучение (e-learning), модульное обучения, создание учебно-методического комплекса документов (УМКД), схем сетевой дистанционного обучения, применение различных способов и методов спортивный технологии, научно-исследовательская деятельность студентов (рефераты, курсовые, дипломные), маркетинговое исследования (мониторинг и рейтинг образовательной деятельности.)

Таким образом, подготовка специалистов в сфере спорта несет дуальную систему обучения, которая позволяет преодолевать разрыв между теорией и практикой. Качественный состав ППС колледжа и его уровень профессионализма, педагогической компетентности, владение технических средств позволяет осваивать новейшие передовые опыты с передачей в студенческую аудиторию, в которой входит:

1. Общее разъяснение всех график и схем обучения;
2. Организация познавательной деятельности для оценки знания студентов.
3. Проведение тестов, зачетов, согласно учебного плана, рефераты, курсовых и дипломных работ.
4. Участие в различных семинарах, научных студенческих конференциях и т.д.

Главная цель ППС – это как учить, как воспитывать, как развивать, как создать наиболее благоприятные условия для их познавательной деятельности, задача учебно-воспитательного процесса состоит в том, чтобы каждый студент колледжа мог стать равноправным студентом деятельности познания и общения. Основные принципы спортивного гуманизма:

- Развитие психических, физических, интеллектуальных, моральных, педагогических и других сфер личности.
- Формирование самостоятельной мыслящей личности, способного делать обоснованный выбор в разнообразных учебных и жизненных ситуациях.

- Обеспечение организационных благоприятных условий для успешной переориентации учебного воспитательного процесса.

- Социальная безопасность.

- Обоснованность уровня развития каждого перспективного студента-спортсмена.

Для поддержания спортивно – образовательного процесса на современном уровне ежегодно по колледжу должно предусмотрено согласно плана, повышение квалификации и стажировки для ППС, с получением республиканских и международных сертификатов.

Повышения квалификаций непременно дают следующие результаты:

1. Умение разработать модульные образовательные программы.

2. Умение организовать и обеспечить для открытия аудиторских классов (ТиМППФК и спорта, кабинет спортивной психологии, компьютерный класс, медико-биологический класс, кабинет по производственной практики, кабинет спортивного массажа, кабинет по учебно-методическом обеспечению. Для этого необходимо приобрести необходимые учебно-техническая оборудования и учебно-методические материалы по ГОСО по специальностям обучения, а также должно функционировать «Онлайн - регистрация», иметь «Интернет», внедрить электронный документ оборот между структурами колледжа, подготовить программу кадрового потенциала.

Кроме того, коллективом ППС, родителей необходимо развивать имидж колледжа по подготовке лучших спортсменов, для участия на различных международных соревнованиях (чемпион Азии, чемпион Мира и Олимпийских игр);

Повышать эффективность партнерских отношений с однородными колледжами в регионах и городов Алматы, Астаны и стран ближних и дальних зарубежья.

В специализированных спортивных колледжах согласно требований МОН РК необходимо разработать экспериментальную площадку по внедрению дуальной системы обучения в следующие сроки:

- 2012-2014 учебные годы – подготовительный этап;

- 2015-2018 учебные годы – этап внедрения;

- 2019-2020 учебные годы – этап совершенствования новых инновационных проектов.

Одним из важнейших направлений нашей национального спортивного образования является учебно-воспитательный процесс. Такая деятельность направлена на обеспечение более полного всестороннего развития личности, духовно-нравственного воспитания, формирование его ответственности, развития гражданско-патриотического становление, изучая традиции наших предков. Для решения этих задач ППС колледжа регулярно проводит различные тематические лекции и беседы по профилактике вредных привычек, родительские собрания, встреча с участниками ВОВ, Афганской войны, ведущими ветеранами спорта и участниками Олимпийских игр. Ежегодно проводить конкурсы, вечера отдыха, привлекая в общественную жизнь, стремясь сделать студенческую жизнь более яркой и насыщенной. Все это способствует проявить любви, воспитанию патриота своей Родины, уважению к национальной культуре сохраняя все традиции нашего многонационального государства. Задача специализированного спортивного колледжа, чтобы ППС стал в республике одним из ведущим, престижным, квалифицированным педагогическим коллективом, творческим, ищущим, находящихся в непрерывном процессе самосовершенствования, чтобы уверенно смотреть в завтрашний день. Программа развитие спортивного образования требует по созданию и формированию единой системы информационного, научно-методического обеспечения для эффективного процесса обучения студентов колледжа. При создании необходимо учитывать сеть передачи данных - Интернет, где должно быть доступность полной информации по всем вопросам образовательного процесса, а также по спортивным достижениям в деле повышения спортивного мастерства, успеваемости, посещаемости студентов учебных занятия, а также правильное соблюдение всех требования дисциплинарного характера и режима спортсменов.

Система информационного обеспечения дает, большой простор для студентов в дистанционном обучении с активным использованием сетевой технологии во время участия на УТС, соревнованиях и.т.д.

Современные требования и новая технология обучения студентов в специализированных спортивных колледжах является;

Во-первых, это мгновенное реагирование на изменение всего педагогического процесса и своевременное корректирование различных моделей в педагогической деятельности, происходящие в мировом масштабе.

Во-вторых, в своих принципах ведения педагогического контроля за содержанием в организации учебного процесса колледжа.

В-третьих, обеспечивает самостоятельную образовательную программу студентов колледжа в зависимости от обоих способностей и интересов.

В-четвертых, современная технология дает колоссальный толчок в профессиональном отношении ППС - где он является ключевой фигурой процесса спортивного обучения. Главная задача должна со стороны «Педагога» его педагогическая – профессиональная культура, развитие творческого потенциала для развития деловитости в своей профессии. Весь педагогический коллектив колледжа, совершенствуя свои педагогические знания на разных этапах обучения, должны работать с творческим энтузиазмом, стремясь к инновациям современности.

Цель спортивного обучения и воспитания состоит в том, чтобы каждый студент колледж мог стать равноправным субъектом деятельности познания и общения, как свободной самостоятельной личностью. Все это возможно лишь при выполнении принципов педагогической этики и педагогического гуманизма, которая должна, сориентирована на личность.

Главное предназначение будущего педагога- это сеять разумное, доброе, вечное, для этого нужно постоянно пополнять знания, умножать свою духовную состоятельность, быть носителем общечеловеческих ценностей. Педагог принадлежащий к тому или иному учебному заведению по своей специфике и профессий, должен быть сросшийся с ним и жить в нем его жизнью, притворяя последовательно свой идеалы, воспитывая в молодом поколении живое нравственное сознание правды учения. Профессиональный педагог своего дела, должен всматриваться в душу подопечного, проникая в таинство каждого, этим он открывает в нем сложные и тонкие нити побуждений и склонностей, распознавая высокие и благородные его стремления

Приоритетные задачи специализированных спортивных колледжах:

- развитие психологических, интеллектуальных, моральных и других сфер личности, формирования определенных знаний, умений и навыков;
- формирование свободы, самостоятельного мышления, способного правильного выбора учебных и исследовательских работ в течении всей студенческой жизни.
- создание необходимых благоприятных условий для студентов колледжа с обеспечением атмосферы комфорта;
- социальную безопасность и защищенность студентов;
- обеспечить современный уровень спортивного образования, для подготовки востребованных спортивных специалистов с новым современным мышлением.

Такая направленность и деятельность дает возможность на обеспечение более полного всестороннего развития личности, духовно-нравственность воспитания, формирования его ответственности, развития гражданско-патриотического становления и воспитания.

К искусству педагогической работе, нужно учиться постоянно, систематический совершенствуя стиль своей работы, анализируя и устраняя свой недостатки, обладая способностью привлекать к себе молодых людей, путем доброжелательности и уважительным отношением.

Профессия «Педагога», сложная и разнообразна, он должен быть режиссером, организатором, администратором, психологом, аналитиком, дипломатом, а главное хорошим, чутким наставником и воспитателем. Конечно, иметь и владеть всем комплексом профессиональных знания, умения и навыков не всем сразу удается, но в процессе трудовой жизни набирая жизненный опыт, педагог в специализированной школе, должен стремиться стать профессионально-компететным специалистом. Спортивно-образовательная профессия имеет определенное преимущество перед ряд существующих профессии, она обеспечивает к стремлению и совершенствованию основополагающих морально-волевых, нравственных качеств; - это сфера познания и изучения прекрасного, воспитание чувства гармонии и красоты. Сегодня от специалистов в сфере спортивной направленности, требуется активность, самостоятельность, нестандартное мышление, общая и профессиональная культура, а главное осознанная оценка своей профессии. И поэтому, учебно-воспитательный процесс в системе спортивного-образования нам всем, нужно рассматривать как специализированный процесс которое включает следующие аспекты;

- Нравственное воспитание, (суждение в чувствах).
- Эстетическое воспитание, (оценка прекрасного).
- Трудовое и воспитание, (умение и навыки).
- Физическая культура и спорт, (обучение, подготовка и самосовершенствование.)

- Гражданское воспитание, (дисциплина и межнациональное отношение).
- Патриотическое воспитание, (ценностное ориентация).
- Психологическое воспитание, (эмоция, интеллект).
- Духовное воспитание. (самооценка, самоконтроль)

Для развития и создания, педагогического мастерства и искусства, «Педагог» отдает всю свою жизнь, приобретая многолетним трудом, и она, живет в нем, вечно, поэтому, он и является избранным как педагог, единственным, одаренным и талантливым в своем деле. В этом и заключается истинная педагогическая суть жизненного успеха, в достижении личных целей. Одаренность, талант, гениальность педагога- это один процент вдохновения, а девяносто девять процентов заключается в его каждодневном труде. Есть китайская мудрая пословица, «Тот, кто не повышает свое знание, тот отстает от жизни на пять минут, а тот, кто вообще не познает вокруг себя и в жизни, тот остается неучем на всю жизнь». Изучая свою педагогическую деятельность, «Педагог», получает возможность открыть, объективные связи между действиями и результатами, при которых те или иные методы и приемы воспитания и обучения, дает направление на положительные результаты.

Профессиональная компетенция спортивного педагога-тренера, определяется через групп педагогических умений, знаний, интеллекта, образованности, и всестороннего воспитания. Он должен пройти через ряд опорных спортивно-педагогических знаний – это:

1. Знание теорию и методику физической культуры и спорта.
2. Знание теорию и практику учебно-тренировочных процессов.
3. Знание теорию медико-биологических закономерностей.
4. Знание теорию и практику проведения спортивных мероприятия.
5. Знание теорию и практику, спортивного менеджмента.

Спортсменом любителем или профессионалом может стать каждый нормальный молодой человек, а, вот, профессиональным педагогом-тренером, может стать только тот, кто обладает чувством главного в спортивной педагогике, спортивной медицине, спортивной психологии, спортивном менеджменте или, хотя бы умеет находить главный- приоритет-истины. То есть вся его жизнь- это поиск конкретного спортивного исследования, вокруг всех проблем спортивного обучения и воспитания.

6. В современной педагогике есть проект, «Обучение без границ», которое делиться на 6-этапов;

7. 1-ый-этап. Уметь правильно проектировать и реализовать современный урок по заданным целям и задач.

8. 2-ой-этап. Это предполагаемые задачи должны, согласованы с реальной жизни и ситуацией в школе.

9. 3-й-этап. Своевременный ориентир на использование современных информационных технологий.

10. 4-й-этап. Кауч - этап, основанный на совместном труде «Педагога и ученика»

11. 5-й-этап. Этап демонстраций, каждый педагог обязан в учебном году продемонстрировать свой педагогический рост, путем как, к примеру «Мастер класс».

12. 6-ой-этап. Это ежедневный анализ и обобщение, диагностика и мониторинг своего труда.

Для достижения определенных целей в специализированных спортивных колледжах должно решаться следующие задачи:

1. Развитие нормативного обеспечения системы электронного обучения;

2. Развитие технологической инфраструктуры организации образования;

3. В учебном процессе применение комплексного тестирования;

4. Организованное обеспечение системы электронного обучения на современном уровне;

5. Введение необходимых государственных стандарты образования, учебные программы, программы по производственной практике и т.д.;

6. Создание полной инструктивно-методической базы всего образовательного ресурса;

7. Создание годового плана по прохождению курсов повышения и переподготовки ППС;

8. Создание механизмов распространения лучших учебных материалов, обоснованных зарубежных авторов по обмену опыта в спортивной педагогике, спортивной медицине, спортивной психологии и по спортивному менеджменту;

9. Совершенствование и развитие научно-методическую работу среди ППС и студенческой молодежи.

1 Оглоблин К.А. *Формирование профессиональных компетенций в сфере культуры и здоровья у студентов факультета физической культуры УГПИ// Ученые записки университета имени П.Ф. Лесгафта. – 2009.-№3 (49). – 07 апреля. – С. 53-58.*

2 Бороненкова Л.С. *Формирование социальной компетенции учащихся на занятиях по физической культуре // Среднее профессиональное образование. 2011. - №2. - С. 19-22.*

3 Белова А.Н. *Формирование образовательных компетенций студентов ВУЗА культуры и искусств: Автореф. дис. ... канд. пед. Наук: 13.00.01: Моск. гуманитар. ун-т. – М., 2009. – 24 с.*

4 Муканова С. *Контекст организации компетентностно-ориентированного образования в Казахстане. – 2006. – С. 32-36.*

5 Кудряшова Е.Н. Е.Н. Герасимов *Компетентность как краеугольный камень эффективной дидактической системы // Теория и практика физической культуры. - 2012. - №11. – С. 56-60.*

Түйіндеме

А.С.Айтхожин – Абай атындағы ҚазҰПУ магистрі.

Т.М.Джапаров – Абай атындағы ҚазҰПУ магистранты.

Арнайы спорт колледждерінде реформалау жолында бес институциялық арттыру жолдары

Орта оқу орындарының оқу дене тәрбие үдерісінде күзиреттілік бағытты жүзеге асырудың ғылыми – теориялық алғышарттары анықталады, сонымен қатар арнайы дене мәдениеті пәндеріне оқу жоспары ұсынылған. Арнайы спорт колледждерін бес институциялық реформаландыру жолдары көрсетілген.

Түйін сөздер: орта оқу-тәрбие үдерісі, студенттер, дене тәрбиесі пәні, күзиреттіліктердің қалыптасу деңгейі, күзиреттілік бағыт.

Summary

Aitkhozhin A. – Magister Kazakh National University named after Abai

Dzhabarov T. - undergraduate of Kazakh National University named after Abai

Implementation of five institutional of reforms in specialized college sports

On the basis of the scientific and methodological literature identified five ways to implement reforms in the institutional development of specialized sports colleges of our Republic, as well as the ways of implementation of competence-based approach of teaching special subjects in the educational process. This revealed lack of knowledge in terms of "expected outcomes", "learning outcomes", "competence", "competence". We studied the levels and criteria of formation of students' knowledge on special subjects. Revealed a relatively low level of formation of these competences in students. The ways of development of the educational process, with particular emphasis placed on self-education teachers and college students. The guidelines for the development of scientific and methodological support and expand the material and technical base.

Keywords: educational process of college students, special items, the level of groups, competence, solution of the problem.

УДК 796.853.23

СПОРТ МЕКТЕПТЕРІНДЕ ЖАСӨСПІРІМ БАЛУАНДАРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Р.Р.Кадырбеков – Абай атындағы ҚазҰПУ магистр оқытушы

Б.Б.Ислямов – ПМПИ магистр оқытушысы

Бұл мақалада жасөспірімдер тобымен жұмыс жасау ерекшелігіне байланысты спорттық шеберлікті жетілдіру бұл жасөспірімдерді таңдалған спорт түрінің негізгі құралдарына оқыту, дене тәрбиесі мен спорт бойынша басқа мекемелерде және мектептік және орта білім беретін оқу орындарында, мектепке дейінгі мекемелерде спорт түрі бойынша оқыту әдістемесі арқылы кәсіби педагогикалық біліктер мен дағдыларды қалыптастыру және біліммен қамтамасыз ету болып табылады. Жасөспірімдермен жұмыс жасау барысында жас жыныс және жеке физиологиялық-психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, дене тәрбиесі сабағын жоспарлау, ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру, физикалық дамыту үшін таңдалған спорт түрі бойынша құралдарды пайдалана білуді қалыптастыру, қозғалыс тәртібін ұйымдастыру және спорттық шеберліктерін жетілдіру болып табылады.

Түйін сөздер: жасөспірімдер, жаттығу, спортшылар, дене тәрбиесі, ерекшеліктер.

Адамның туылған сәтінен бастап, оның биологиялық толысып пісіп жетілуіне 20-24 жыл өтеді, оның барысында күрделі морфологиялық және физиологиялық, сонымен қатар психологиялық даму жүреді. Медициналық ғылыми дәлелдемелерге сүйенсек, балаларға спорт түрлерімен ерте жастан-ақ шұғылдануға болады. Алайда, жас спортшыларды дайындауда өскелең ағзаның анатомиялық,

физиологиялық ерекшеліктеріне аса назар аудара, алға қойылған мақсат пен дайындық міндеттерін сәйкестендіріп негізделеді.

Негізгі дағды мен білікті қалыптастырумен сәйкестендіріп, дене және қызметтік дайындықтың дұрыс әрі дер кезінде негізін қалау жоғары спорт нәтижелеріне жеткізетін жұмыстарды жүргізуге көмектеседі.

Жасөспірімдердің жас ерекшеліктерін біліп, оқытушы көрсету оқулығын көбірек пайдалану керек. Техниканы үлгілі көрсету қажет және дұрыс негізгі бөлшектерін бейнелеп түсіндіру. Жасөспірімдер олай өтпеген сәтте дұрыс емес қимылдар меңгереді және дағдыланады. Техниканы үлгілі көрсету қажет және дұрыс, негізгі бөлшектерін бейнелеп түсіндіру. Жасөспірімдер қарсы жағдайда дұрыс емес қимылдарды меңгеріп және дұрыс емес дағдыны шығарады. Оқытушы оқу құралдары оқушылардың дене дамуының мүмкіншілігіне келуіне қадағалау керек. Егер оқу материалдары дене дайындығының күшін керек етсе, ал айналысушылар оған дайын болмаса, онда оны үйретуді кейінге кеш мерзімге қалдыру керек (мысалыға, артқа иіліп лақтыруды үйретуді). Басқа оқиғада айналысушылар күрделі үйлестіру әдістерін қабілеттілігін меңгереді, дене дайындығының күші онша керек етпейтін, мысалыға, қолынан жұлқып ауыстыру. Бұл әдісті жаттағудың бірінші айында үйретуге болады. Жасөспірімдерді жарысқа олардың дайындығын есепке алып қатыстыру керек.

Жасөспірімдерді күреске үзіліссіз және біртіндеп үйрету қажет. Оқушылардан жаттығуға үнемі қатысуын талап ету керек. Қайталағанда бұрын үйренген материалды дәл шығаруға назар аударуға және байқалған кемшілігін уақталы дұрыстау керек. Жасөспірімдер жасында бірінші дәрежелік маңызына жан жақты дене дайындығы керек. Оған кіреді: мүсінін дұрыс құру, жан жақты дене дайындығы, қимылдық дағдыны құру, техникалық қимылдарды меңгеру үшін дене қасиеттерін дамыту, жеткілікті қасиеттерін дамытуын шыңдау.

Спорттық күреспен жасөспірімдерді оқыту және жаттығу бекітілген бағдарламаға сәйкес орындалады. Бағдарламаның материалдары өте кең және қиын. Оны меңгеру үшін жасөспірімдерге ұзақ уақыт керек етеді, ересектерге қарағанда. Бағдарламаны ойдағыдай меңгеру, сабақ барлығында тәрбиелік мінездемесін өту қажет. Тәрбиелік мақсаты қалай шешілсе, содан жас адамның әрі қарай қызметіне байланысты болады. Қатысушыларды мақсатқа және міндетке түсінуге үйрету керек, олардың жолдарын және құрамын шешуге, табыстарын және кемшіліктерін талдауға. Алға қойған мақсаттан басқа, жақын арадағы міндеттерін анықтау өте маңызды, мысалыға, анықталған әдістің техникасын меңгеру, серігіне көп әдістерді жасау т.б. Жақын араға міндет қойып, мысалыға, бір әдістің техникасын меңгеріп, жаттықтырушы бұл не үшін керек екенін көрсетеді. Кішкене уақыт аралық арқылы, жасөспірім сол әдістің техникасын меңгерген соң, ол қанағаттанарлық алады. Алдыңғы нәтижемен салыстырудың үлкен маңызы бар: «бұрын істей алмаушы едім - енді жеңіл істедім», «бұрын 3 рет тартылушы едік – 5 рет, жарайсын» - т.б. деген сөздердің маңызын өзінің табыстарына мазасызданады, әсіресе сәтсіздігіне. Сондықтан өзінің қимылдарына дұрыс баға беруіне үйрету маңызды. Мұны әр сабақта орындау қажет. Егер жасөспірім сәтсіздігінің себебін анықтай алмаса, онда жаттықтырушы оның дұрыс жауабына әкелдіру қажет, мысалыға, сондай қимылды басқа әдісте көрсету. Әсіресе жасөспірімдер жеңілісіне қатты күйзеледі. Сондықтан оқытушы жеңілістің себебін ашуға көмектесу қажет, алда қалай жеңу үшін жаттығуларды не және қалай істеу екенін көрсету керек. Сөйтіп қатысушылар біртіндеп өздері өзінің қимылдарын және істерін талдауға үйреніп кетеді. Барлық осы есептердің шешімі денсаулығын нығайтудың үстінде іске асу керек. 12-14 жаста жылдамдықты, ептілікті, иілгіштікті дамыту жақсы берілетіні белгілі, ал 15-16 жаста – күшті. Бұл кезеңде жасөспірімдерде жылдамдық – күшке арналған жаттығуларды орындауға қабілеттілігі көрінеді. 16-18 жаста күш және жылдамдықты керек ететін жаттығулар жеңіл меңгеріледі, шыдамдылықты дамытуға алдын-ала құрылады. Осы ұсыныстың жас балуандардың дене дайындағын да есептеу керек. Сондықтан да жасөспірімдер қысқа уақыттық тапсырмаларды жеңіл орындайды, әрі қарқынысымен де, және ұзындылығымен қыйындау. Егер жас балалардың тобында жылдамдықты дамыту жеңіл болса, онда сол қасиетіне үлкен назар аудару керек, шындылыққа қарағанда.

Мына жағдайларды ескеру қажет:

1) Жасына қарай бала ағзасы морфофункционалдық тұрғыдан өзгеріп отырады. Бұл өзгерістер сан жағынан да (салмағы, бойы), сапа жағынан да әсер етеді. Сондықтан, осыны ескере отыра балаларға үлкендерге қоятындай емес, талаптардың көлемін азайтып, оларды баланың жасына лайықтап беру қажет.

2) Бала ағзасының дамуы үздіксіз әрі әрқалыпта жүреді. Белгілі бір жас кезеңдерінде түбегейлі өзгерістер болады (өсу екпіні мен үрдістерге қарай бойдың, бұлшықет салмағының өсуі, мүшелер мен

жүйелердің дамуы түрлі жас кезеңдерінде әртүрлі). Мәселен, жыныстық жетілу кезеңі ұлдарға карағанда қыздарда ерте басталады; 11-13 жаста қыздар бой мен салмақ жағынан ұлдардан ілгерілеп кетеді; ұлдарда бұлшықет күші 13-14 жаста, қыздарда 11-12 жаста қарқынды дамиды.

3) Балалардың дене сапаларының даму қарқыны мен басқа да қабылеттері белгілі бір кезеңдерге сәйкес келеді. Нәтижесінде белгілі бір дене сапалары мен басқа да қасиеттерін дамыту үшін қолайлы алғы шарт жасауға болады. Мысалы, 15-жасқа дейін түрлі әрекетке жауап беру шапшаңдығы жақсы дамып, жоғары жылдамдықты арттыру 13-14 жаста барынша қарқынды жүргізіледі. Биікке секіруден жоғары нәтижелерге өсу ұлдарда 9-13 жаста байқалып, сосын бұл тұрақталады, ал бұл 15 жастан соң уақытша төмендейді.

4) Қимылдың әрбір түрінде ұлдар мен қыздардың жас ерекшелігі топтарына қарай көрсеткіші де әртүрлі. Сондықтан жас ерекшелігі дамуына қарай құрылған алғы шарттарды ескеру керек.

5) Әрбір ағзаның жеке-дара дамитынын есте ұстаған жөн. Күнтізбелік, құжаттық жасымен қатар, дене дамуы деңгейін, қимыл мүмкіндіктерін, жыныстық жетілу деңгейін, т.б. сипаттайтын биологиялық жасын да ескеру қажеттігі ұсынылады. Күнтізбелік жасы биологиялық жасымен сәйкес келмеуі мүмкін.

Жас-жыныстық ерекшеліктері есебі жұмыс әдістері мен құралдарын таңдауға мүмкіндік береді. Дайындықты қалыптастырудың барлығы табиғи жасының дамуынан туындаған алғы шарттарды қате пайдалану тәрізді денсаулық жағдайын бұзып қана қоймай, жасы толған кезде жоғары нәтижеге жету үшін болатын мүмкіндіктерді төмендетеді.

Дене сапасын тәрбиелеуге арналған биологиялық алғы-шарттар бір мезгілде құрылмайды. Қайсы бір сапаны жан-жақтылы ықпал арқылы жедел даму кезеңдерінде оларды арттыру қарқынына жетуге болады. Жаттықтыру ықпалы мен құралдарын қате таңдау кері нәтиже беруі мүмкін. Мұнда пубертаттық кезең ерекшеліктерін ескерген жөн. Бұл уақытта бүкіл ағза жүйелері қарқынды дамып, қайта құрылады. Бұл сыртқы көрінісінде ең алдымен бой өсуінен байқалады, ол дәлдікті уақытша нашарлатады. Бойы ұзын жасөспірімдер өз қатарларынан қызметтік қабылетімен ерекшеленбейді. Керісінше, кейде оларда жүрек-тамыр жүйесінің көрсеткіштері мөлшерінен ауытқуы жиі байқалады. Жыныстық жетілу кезеңіндегі барлық дене сапаларының даму қарқыны ерекше, ал дұрыс бағытталған жаттықтыру әсерінен, мысалы, күш пен төзімділік көрсеткіштері 2-2,5 есеге артады.

Жас спортшыны даярлау барысында ойынды жарыс деңгейінде жүргізуге қажетті дағды, мен білік қалыптасып, жетілдіріледі.

Жоғарыда баяндалып көрсетілген ғылыми деректерге негізделген спорттық жаттықтырудың басты мақсаты – дене дамуы жақсы, денсаулығы мықты, қоғамның белсенді мүшесі, Отанды қорғау мен жоғары өндірістік еңбекке қабілетті, жоғары спорт нәтижелерін көрсетуге дайын азамат тәрбиелеу.

Осындай зор талап қоя спорттық жаттықтырулар мен баптандыру барысында түрлі міндеттер атқарылады және олардың барлығы бір-бірімен тығыз байланысты:

- жоғары ерік және рухани сапаларын тәрбиелеу;
- арнайы сапаларды жан-жақты дамытып, тәрбиелеу;
- ағзаның қызмет мүмкіндіктерін арттыру;
- заманауи әдістерді, икемді тәсілді және қозғалыс стратегиясын меңгеру;
- дайындық жүйесін ғылыми негізде басқаруға арналған білімді игеру.

1 Бриль М. С. *Отбор в спортивных играх.* - М.: ФиС, 1990.

2 Волков В. М., Филлин В. П. *Спортивный отбор.* - М.: ФиС, 1993.

3 *Положение о детско-юношеской спортивной школе (ДЮСШ) специализированной детско-юношеской школе Олимпийского резерва (СДЮИОР).* Алматы: Микмолтурспорт, 1996.

4 Короткое И.М. *Подвижные игры для детей.* - М.: «Советская Россия», 1987.

5 *Методические рекомендации к проведению подвижных игр в общеобразовательной школе.* Авт. Извекова С.К., Исаева Н.С. - Алма-Ата, 1991.

Резюме

Р.Б.Кадырбеков – магистр преподаватель Каз НПУ им. Абая, **Б.Б. Ислямов** – магистр преподаватель ПППИ

Особенности работы с юных борцов в спортивной школе

В этой статье говорится о том, что в зависимости от специфики работы с группой подростков, подростки выбирают то, чтобы улучшить базовую подготовку в этом виде спорта, спортивные навыки, физической культуры и спорта в средних учебных заведениях и школ и других учебных заведениях, обучая дошкольного

спортивные профессиональные навыки является предоставление образования и формирование. При работе с подростками, разного пола и с учетом физиологических и психологических характеристик, чтобы улучшить организацию порядка движения и спортивного мастерства.

Ключевые слова: подростки, упражнение, спортсмены, физическая воспитание, различие.

Summary

R. Kadyrbekov - Master Teacher Kazakh national Pedagogical University named Abai.

B. Isyamov - Master Teacher Pavlodar State Pedagogical Institute

Working with young fighters in the sports school

In this article, the basic definition of the importance of sport, sports skills development of individual training of youth sports facilities and other facilities for sport and physical education and secondary education, pre-school, sports and professional institutions of knowledge and skills training is to provide education. When working with young people, taking into account age, gender, physical, physiological and psychological characteristics, physical education lesson planning, to make an independent organization, the ability to use selected for the physical development of the sport, to improve the organization of the order of motor skills and sports.

Key words: adolescents, exercise, athletes, physical education, distinction.

УДК 264

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУЫ ЖӘНЕ СӨЙЛЕУ ТІЛІ ТЕЖЕЛГЕН БАЛАЛАРДЫ АНЫҚТАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Б.Б. Жаканбаева – оқытушы, Арнайы білім беру кафедрасы, Абай атындағы КазҰПУ, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы. Zhakanbaeva@bk.ru

Қазіргі таңда соңғы он жылда психикалық дамуы тежелген балалардың саны ерекше артып келе жатыр. Оның негізгі себептері жүктілік кезіндегі ауытқушылықтардың салдарынан, экологиялық жағыдайлардың әсер етуінен, кейбір отбасындағы психологиялық климаттың кері әсер беруінен, шектен тыс ата-аналарының балаларын еркелетіп жібергенінің салдарынан болуы мүмкін. Кез келген мекемеге келген психологиялық дамуы тежелген және сөйлеу тілі күрделі бұзылған балаларды міндетті түрде психологиялық және педагогикалық тексеруден өткізу қажет. Бұл тексеру баланың ауытқушылығын түзету бағдарламасын айқындауға, әдістер мен технологияларды таңдауға, баланың психологиялық дамуын болжауға, ата-аналардың нұсқауларын орындауға көмектеседі.

Түйін сөздер: тексеру, даму, әдістер, эмоция, психика, ауытқушылық, қабылдау.

Бұл мақалада психологиялық дамуы және сөйлеу тілі тежелген балаларды анықтау ерекшеліктері, тежелудің негізгі себептері қарастырылған.

Психикалық дамуы кешеуілдеген балалар тобын, соңғы көрсеткіш бойынша 35 процентке жуығын нервтік – психикалық сферасы зақымданған мектепке дейінгі балалар құрайды. Психикалық дамуы кешеуілдеген балалар категориясын 50-шы жылдардың аяғынан бастап зерттеу кеңінен қолға алына бастады. Проблеманы зерттеумен айналысқан ғалымдар: М.С.Певзнер, Т.А.Власова, К.С.Лебединская, В.В.Ковалев, П.Е.Сухарева, В.И.Лубовский т.б. бала дамуы ерекшеліктеріне қарай өз пікірлерін ұсынды.

Жалпы алғанда психикалық дамуы тежелген балалар дегеніміз-психикалық процестері дамуының артта қалуы және эмоционалды ерік сферасының жетілмеуі. Сонымен қатар психикалық дамуы тежелген балалардың моторикасының, сөйлеу тілі, зейіні, есте сақтауы төмендігімен және эмоциясы тұрақсыздығымен сипатталады.

Психологиялық дамуы және сөйлеу тілі тежелудің негізгі себептері:

Екіқабат кезіндегі анасының аурулары, жатырішілік инфекциялар, улану, гипоксия, ауыр босану, туу кезіндегі жарақаттар, генетикалық, хромосомдық

Мектеп жасына дейінгі психикалық дамуы тежелген балалардың сөйлеу тілі дамуының тежелуін мынадай белгілеріне қарай айқындауға болады:

- 4 айында бал ата-анасының сөзін, эмоциялық мимикаларын елемейді, күлмейді.
- 8-9 айында былдырлауы болмайды.
- 1жасында бала өте тыныш, дыбыс шығармайды.
- 1,5 жасында қарапайым сөздерді айтпайды (мама, папа, бер), қабылдамайды, оларды түсінбейді, үлкендердің өтінішіне көңіл аудармайды.

- 2 жасында шектеулі сөздерді ғана қайталап жаңа сөздерді қайталамайды.
- 2,5 жасында 20 дан артық сөздік қоры болмайды, екі, үш сөзден тұратын фразаларды құрастыра алмайды.
- 3 жасында өздігінен сөйлем құрай алмайды. Ұлкендердің қарапайым әңгімесін түсінбейді. Тез сөйлейді, сөздің жалғауларын жұтып қояды [1].

Бала неғұрлым сөйлеу тілінің дамуы қиындаған сайын ақыл-ойының дамуыда кешеуілдейді. Осыған байланысты тіл ойдың тікелей шындығы деп айтуға болады. Яғни тілдің дамуының тежелуі психологиялық дамудың тежелуімен қатар жүреді.

Психологиялық дамуы тежелген балалар мектепке барғанда оқуда қиындықтарға тап болады. Олардың кейбір психологиялық функциялары, біліктілігімен дағдылары дұрыс қалыптаспайды, берілген жалпы мектеп материалдарын игере алмайды, басқа балалардан оқу үлгерімі жағынан артта болады. Бұндай балалар жалпы мектепке арналған оқу материалын арнайы көмексіз меңгеруге шамасы жетпейді.

Қалыпты балаларда психологиялық дамуы тежелген балаларды төмендегі ерекшеліктеріне байланысты ажыратуға болады:

1. Психологиялық дамуы тежелген балалар тез шаршайды, берілген ауқымды оқу материалын мүлдем меңгере алмайды, олардың еңбекке қабілеттілігі төмен болады.

2. Психологиялық дамуы тежелген балалар оқытушыдан берілген ақпаратты талдап өңдей алмайды және қабылдауы қиын болады. Олар берілген материалды қабылдау үшін көрнекі құралдарға сүйену өте қажет. Сонымен қатар қиындықтар ойлау әрекеті кезінде туындайды, яғни сөздік-логикалық ойлауы жетілмеген болып табылады.

3. Бұл категориядағы балаларда жалпы білім беру мектебінде мінез-құлық жағынан қиындықтар туындайды. Олар құрдастарымен төбелеседі, алысады, мектеп ережелеріне бағынбайды. Сюжеттік-рольдік ойындарды ойнамайды, бірақ қиын тапсырмалардан құтылу үшін өте қарапайым ойындарды шын көңілмен ойнайды.

4. Психологиялық дамуы тежелген балалардың өз әрекеттерін ұйымдастыруы қиынға соғады.

5. Бұндай балаларды жалпы білім беру мектебінің бағдарламасы бойынша оқыту оларға тән емес. Олардың психикалық дамуы төмен деңгейде. Сондықтан оқытушы бұндай балаларға төзіммен қарап, дұрыс дифференсациялау үшін толық бақылау қажет.

Психологиялық дамуы тежелген балалардың оқуы төмен болады. Бірақ оларға дер кезінде арнайы коррекциялық-педагогикалық көмек көрсеткен жағыдайда, олар қалыпты дамыған қатарластарын қуып жетуге мүмкіндігі болады.

Ғалымдардың пікірі бойынша ол балаларға психологиялық және педагогикалық аспектіде диагностикалау қажет дейді. Бұл категориядағы балалардың барлығында да невралогиялық статусы көрініс таппайды, кейбіреулерінде ғана жеңіл дебильтіктің белгілері байқалады. ПДТ балаларды диагностикалау кезінде невралогиялық белгілердің жеңіл көрінісі ең негізгі болуы мүмкін емес. Өйткені ол ауырып дертінен емделген қалыпты балалардың белгілерімен ұқсас болады. Бұндай жағыдайда диагностиканы психологиялық және педагогикалық жоспарда өткізу қажет.

Психологиялық дамуы тежелген балаларды диагностикалау барысында балалардың тапсырманы өзі орындай алуына және үлкендердің көмегімен қалай орындай алатынына көңіл аудару қажет. Бұл категориядағы балалар тапсырмаларды оқытушының араласуымен тезірек және тиімді орындайды. Бұл ақыл – ойы кем балалардан айырмашылығын көрсетеді. Сол себепті диагностика барысында осыған көңіл аудару қажет.

Егер есте сақтау қабілеті, зейіні психологиялық процесінің жылдамдығы төмен т.б. белгілері байқалса психологиялық дамуы тежелген деген диагноз қойылады.(Т.В. Егорова)[2].

Кейбір балаларға диагнозды қалыпты балаларға арналған мектептің кіші сыныбында оқу барысында психологиялық және педагогикалық бақылаудан кейін қояды. Заманауи дидактикада бақылаудың мынадай әдістері қолданылады:

1. ауызша сұрау;
2. жазбаша жұмыстар;
3. тәжірибелік бақылау;
4. бақылау;
5. дидактикалық сынақтамалар (интеллектісі бұзылған оқушыларды оқытуда сирек қолданылады) [3].

Қорыта келгенде психикалық дамуы тежелген баланы анықтау барысында жұмыс нәтижелі болуы үшін әр баланың физиологиялық, психологиялық жасерекшеліктерін ескере отырып тиімді жүзеге асыру қажет. Дамуы баяу балалардың психологиялық ерекшеліктерін ескеру, оқу материалын жай бөліп қоймай, керісінше жалпы дамуға бағытталған жаңа бағдарлама (баланың қоршаған ортаға

бейімделуі, мінез-құлық ерекшелігері, өзін-өзі төмен бағалауы, қоршаған ортаға сенбеушілікпен қарауы, өз күшіне деген сенімсіздігі, белсенділігі төмен) құруды талап етеді. Қазіргі кезде қоғам дарынды, қабілетті адамдарды қажет етеді. Жеке тұлғаның рухани өсуіне психологиялық-педагогикалық жағдай жасай отырып, өз ортасында және өзге ұжымда өзін еркін сезіне алуға тәрбиелеу, өзіне-өзі сенімді, жауапкершілік қасиетті сіңірген тұлға ретінде қалыптастыру [4].

1 <http://www.kp.ru/guide/zpr.html>

2 Т.Б.Эпифанцев. «Настольная книга педагога-дефектолога». – Феникс, 2007.

3 Ульяновская У.В. «Дети с задержкой психического развития». - Н.Новгород, 2004.

4 Дахбай Б.Д., Заркенова Ж.Т., Бопишева «Психикалық дамуы тежелген балаларға білім беру және және түзету жұмыстарының ерекшеліктері». Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қаласы, Қазақстан.

Резюме

Б.Б. Жаканбаева - преподаватель кафедры Специального образования КазНПУ имени Абая, Алматы, Казахстан. Zhakanbaeva@bk.ru

Особенности обследования детей с ЗПР и ТНР

Последнее десятилетие характеризуется ростом числа детей с задержкой психического развития. Основными причинами, способствующими этому, считаются: увеличение количества детей, рождающихся с признаками перинатальных патологий (перинатальная энцефалопатия); ухудшение состояния здоровья детей из-за неблагоприятной экологической обстановки, отрицательного психологического климата в некоторых семьях, равнодушия многих родителей к детям при сохранении заботы о внешнем благополучии. Каждого ребенка, поступающего в специальное дошкольное учреждение, необходимо всесторонне обследовать. Это важно для определения коррекционной программы, выбора методов и технологий, прогнозирования развития, разработки рекомендаций родителям.

Ключевые слова: обследование, развитие, методы, эмоция, психика, нарушение, восприятие.

Summary

B.B. Zhakanbaeva - teacher Abai KazNPU, The Republik of Kazakhstan, Almaty. Zhakanbaeva@bk.ru

Psychological development and specific features of children with speech and language

The last decade is characterized the height of number of children time-lagged psychical development. Principal reasons assisting it is been considered: increase of amount of children giving birth with the signs of prenatal pathologies worsening of the state of health of children from an unfavorable ecological situation, negative psychological climate in some families, indifference of many parents to the children at maintenance of caring about external prosperity. Every child entering the special preschool establishment, it is necessary all-round to inspect. This is important for determination of the correction program, choice of methods and technologies, prognostication of development, development of recommending parents.

Keywords: inspection, development, methods, emotion, psyche, violation, perception.

УДК: 371.671

КӨРНЕКІЛІК ӘДІСТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ

Г.А.Қошжанова – п.ғ.магистр оқытушы, Педагогика және психология кафедрасы, Абай атындағы ҚазҰПУ

Көрнекілік әдісі оқытудың сөздік және тәжірибелік әдістерімен өзара байланыста қолданылады және құбылыстармен, объектілермен оқушыларды таныстырғанда олардың сезім мүшелеріне әсер етіп, алуан түрлі сурет, көшірме, сызба арқылы құбылыс, процесс, объектілердің символдық бейнелерін немесе оларды табиғи күйінде қабылдайды. Қазіргі мектепте осы мақсатпен экрандық және техникалық құралдар кең қолданылады. Көрнекілікпен түсіндірілген материалдарды оқушылар тез қабылдап, жеңіл меңгереді. Естерінде ұзақ сақтайды. Сабақта ұтымды қолданылған көрнекіліктер ерекше қызмет атқарады. Көрнекілік-оқытуда заттар мен құбылыстардың өзіне тән жаратылыс бітімін, сыр-сипаттарын сезім мүшелері арқылы көзбен көріп, қолмен ұстап, құлақпен естіп қабылдауға баулитын дидактикалық үрдіс. Көрнекілік мұғалімнің шығармашылық ізденісі мен әдістеме жаңалықтарына сергек қарап, сабақ барысында шебер пайдалана білуді талап етеді.

Түйін сөздер: әдіс, көрнекілік, демонстрация, иллюстрация, техникалық құралдар, символикалық көрнекіліктер.

Әдіс – оқу-тәрбие жұмыстарының алдында тұрған міндеттерді дұрыс орындау үшін мұғалім мен оқушылардың бірлесіп жұмыс істеу үшін қолданатын тәсілдері. Әдіс арқылы мақсатқа жету үшін істелетін жұмыстар ретке келтіріледі. Оқыту әдістері танымға қызығушылық туғызып, оқушының ақыл-ойын дамытады, ізденуге, жаңа білімді түсінуге ықпал етеді. Оқытуда ең басты нәрсе – оқушылардың танымдық жұмыстары. Оқыту әдістері ең анық фактілерді білуді қамтамасыз етеді, теория мен тәжірибенің арасын жақындатады.

Әл-Фараби "Оқытудың негізгі әдісі - көрнекілік" деп, оның мақсаттарын, тәсілдерін (түсіндіру, әсерлендіру, есте қалдыру) ұсынады. Оқу материалын меңгеру көп жағдайда оқыту процесінде қолданылатын көрнекі құралдарға және техникалық құралдарға байланысты.

Көрнекілік әдісі оқытудың сөздік және тәжірибелік әдістерімен өзара байланыста қолданылады және құбылыстармен, объектілермен оқушыларды таныстырғанда олардың сезім мүшелеріне әсер етіп, алуан түрлі сурет, көшірме, сызба арқылы құбылыс, процесс, объектілердің символдық бейнелерін немесе оларды табиғи күйінде қабылдайды. Қазіргі мектепте осы мақсатпен экрандық және техникалық құралдар кең қолданылады.

Көрнекілік – педагогикадағы дидактикалық тәсіл. Ол ақпараттың, дәрістің, үгіт-насихаттың, жарнаманың танымдылығы мен пәрменділігін арттыру жолы, оқытуда заттар мен құбылыстардың әр қайсысының өзіне тән жаратылыс бітімін, әр қилы сыр-сипаттарын сезім мүшелері арқылы байқау, қабылдауға баулиды. Адам қоршаған ортаны, дүниені, құбылыстарды бес сезім мүшесі арқылы түйсінеді. Оның ішінде ақпаратты ең көп қабылдайтын сезім мүшесі – көру түйсігі. Адам жадында терең таңбаланатыны да осы көру түйсігі арқылы қабылданған ақпараттар. Бірақ, түйсік өздігінен құбылыстардың ішкі байланысын, олардың заңдылығын бейнелей алмайды. Құбылыстардың мәнін адам санасында ойлау, пайымдау қабілеті ғана бейнелейді. Көрнекіліктің нәтижесінде қоршаған өмір құбылысын және заттарды салыстыра ойлап, пайымға салып қабылдау арқылы оқушылардың мәселені түйсіну дәрежесі артады, сана-сезімі қалыптасады. Сонымен бірге, қабылданған ақпараттар оқу міндеттеріне байланысты талданып, қорытылады. Көрнекі құралдары оқушыларға бейнелі түсінік беру үшін ғана емес, оқушылардың ұғымын қалыптастырумен бірге, абстрактілі байланыстар мен тәуелділікті түсіндіру үшін қолданылады. Бұл дидактиканың басты қағидаларының бірі болып саналады. Көрнекілікті чех педагогі XVII ғасырда Я.А.Коменский кез келген оқуда табысқа жету үшін көрнекілік принципі ұсынды. Көрнекілікті оқу пәндерінің мазмұнына бейімдеп (ана тілі, арифметика, табиғаттану, т.б.), дидактика мен әдістеме жүйесіне лайықтап қалыптастырды. Көрнекіліктің үлгілерін пайдалануға Ы.Алтынсарин зор көңіл бөліп, “Қазақ жастары ғылым-өнерді кітап сөзі деп қана қарамай, заттай көзімен көріп, ажырата білуін” мақсат етіп қойды [1.,40-45,].

Көрнекілікпен түсіндірілген материалдарды оқушылар тез қабылдап, жеңіл меңгереді. Естерінде ұзақ сақтайды. Сабақта ұтымды қолданылған көрнекіліктер ерекше қызмет атқарады.

Көрнекілік-оқытуда заттар мен құбылыстардың өзіне тән жаратылыс бітімін, сыр-сипаттарын сезім мүшелері арқылы көзбен көріп, қолмен ұстап, құлақпен естіп қабылдауға баулитын дидактикалық үрдіс. Көрнекілік мұғалімнің шығармашылық ізденісі мен әдістеме жаңалықтарына сергек қарап, сабақ барысында шебер пайдалана білуді талап етеді.

Көрнекілік әдістер оқу материалын оқушылардың көзімен көріп, нақтылы түсінулеріне мүмкіндік береді. Бұған демонстрация, иллюстрация тәсілдері жатады.

Демонстрация (көрсету) оқушыларды құбылыстар, процестер және заттардың нысанасымен табиғи жағдайда таныстыру барысында қолданылады. Әдістің бұл түрі оқылып отырған құбылыстың қозғалысын анықтау, заттың ішкі құрылысы және сыртқы көрінісімен немесе бірыңғай заттардың орналасу жағдайымен таныстыруды көздейді. Табиғи нысананы көрсету негізінен сыртқы көрінісінен басталады (көлемі, түсі, формасы, өзара байланысы т. б). Келесі кезекте оның ішкі құрылысы немесе жекелеген құрамы бөлініп көрсетіледі. Заттың үлгісі және көркем туындылар оқушылар тарапынан біртұтастық жағдайында қабылданады. Демонстрациялау көбінесе оқушылардың практикалық оқу әрекетімен ұштаса жүргізіледі. Приборлар мен нысандарды демонстрациялау нәтижесінің табысты болуы бірнеше жағдайға байланысты болады:

- көрсетіліп отырған нысана барлық оқушыларға жақсы көрінуі тиіс;
- оқу материалын түсіндіру кезінде көрсету жұмыстары жүргізіліп, соңынан нысана алынып тасталуы керек. Оны оқушыларға алдынала көрсетуге болмайды;
- көрнекі құралдарды бақылау барысында әрбір оқушы мұғалімнің нұсқауы бойынша жұмыс істеуі тиіс;
- көрсету кезінде мұғалімнің ауызша баяндауы оқушылардың бақылауын дамытуға және көркем сөйлеуін орнықтыруға ықпал етуі тиіс;

- оқушыларды бақылау жұмыстары нәтижесіне қорытынды жасай білуге дағдыландыру т. б. Оқытуды бұлай ұйымдастыру оқушылардың оқу материалын жеңіл әрі терең ұғынуына мүмкіндік туғызады, олардың ойлау әрекетін жандандырып, қосымша ақпараттар береді.

